



ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ

## ДӘРІ БАҒАСЫН КІМДЕР КӨТЕРДІ?

7-БЕТТЕ



САРАПТАМА

## ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ КЕДЕЙЛІК

9-БЕТТЕ



ИМАНТАРАЗЫ

## АСЫҒА КҮТЕТІН ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

10-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



# ASTANA



№89 (4058) | Бейсенбі | 30 шілде 2020 жыл

## AQSHAMY



### Құрбан айт күтіңі болсын!

Ертең Құрбан айт басталады. Қалың жұртшылық күткен қасиетті мерекеміз биыл бүкіл әлемді дағдарысқа салған індетке байланысты ерекше жағдайда болмақ. Ең бастысы, шалған құрбандығымыз, ниет-тілектеріміз қабылдыққа жазылсын!

Санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты Нұр-Сұлтан қаласының мешіттерінде 31 шілде күні айт намазы оқылмайды. Қоғамдық қауіпсіздікті, адамдардың көп жиналмауын қамтамасыз ету мақсатында қала аумағында орналасқан дәстүрлі құрбан шалу орындары (базарлар, шаруа қожалықтары) жабық болады. Құрбандық тек онлайн шалынады. Осыдан бұрын құрбан шалатын қауымға қолайлы болуы үшін «qurban2020.kz» сайты іске қосылғанын хабарлаған едік.

Карантин жағдайына байланысты құрбандық малының үштен бір бөлігі құрбандық шалған адамға берілмейді, мұқтаж жандарға ғана таратылады. Мұқтаж жандар да «qurban2020.kz» сайты арқылы құрбандықтың етіне тапсырыс бере алады.



## БОСАҢСУҒА ӘЛІ ЕРТЕ

» Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік комиссияға карантин шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету арқылы екі аптаға ұзартуды тапсырды. Демек, босаңсуға әлі ерте деген сөз. Алайда елордадағы эпидемиологиялық ахуал тұрақталып келеді. Дегенмен сақтық шараларын қатаң сақтау керек.



### ЕКІ МИЛЛИОН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 42 500 ТЕҢГЕ ТӨЛЕМ АЛДЫ

Кешегі күннің мәліметі бойынша 42 500 теңге мөлшерінде біржолғы төлем тағайындауға азаматтардан 2,2 миллионнан аса бірегей етініш қабылданды. Төлем 2 миллион адамға тағайындалып, ақшалай қаражат 1 млн 981 мың қазақстандыққа аударылды. Ал карантиннің тағы екі аптаға созылуына байланысты тамыз айында қазақстандықтарға 42 500 теңге төлем берілетіні немесе берілмейтіні жөнінде таяуда өтетін Мемлекеттік комиссияның отырысында қаралатын болады.

### «ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



### COVID-19 ҚАЗАҚСТАНДА

АУРУ ЖҰҚТЫРҒАНДАР: **86192**

ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР: **56638**

ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР: **793**

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 478.18 \$ USD/KZT 412.54 ₸ RUB/KZT 5.8 ¥ CNY/KZT 58.94

www.astana-akshamy.kz

41870223050016



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

## КАРАНТИН ТАҒЫ ҰЗАРТЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға қатысты түйткілді мәселелер жөнінде кеңес өткізді. Премьер-министр Асқар Мамин Президентке 5 шілдеден бастап елімізде қатаң карантин шаралары енгізілгеннен кейін індет жұқтырушылардың саны 29 пайызға төмендегенін баяндады.

Бір күнде індет жұқтыратын адамдардың саны 1500-1600 аралығында тұрақтаған. Стационарлардағы емделушілердің қатары 43 пайызға, оның ішінде, реанимациялық палаталардағы науқастар саны 27 пайызға азайған. Сауығып шыққандардың саны 63 пайызға дейін өскен. Жедел жәрдем шақыру жағдайы төмендеген. Осылайша денсаулық сақтау жүйесінің негізгі жүктеме көрсеткішін төмендетуге қол жеткізілген.

Сонымен қатар Асқар Мамин Қасым-Жомарт Тоқаевқа дертке шалдығу және адам өлімі, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы, халықтан тест сынамасын алу деңгейі, интензивті терапия және реанимация палаталарының қажетті дәрі-дәрмек-



термен, медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі секілді негізгі көрсеткіштер бойынша өңірлердегі ахуалға жүргізілген күнделікті мониторинг жайында мәлімет берді.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Мемлекет басшысына инфрақұрылым нысандарының эпидемиологиялық ахуалға және экономикаға әсерін ескере отырып, карантин шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету жолдарын баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетіне шалдығушылардың және

соның салдарынан болатын өлім-жітімнің көрсеткішін одан әрі төмендетудің аса маңызды екенін атап өтті.

Шілде айында енгізілген шектеу шараларының оң әсерін одан әрі арттыру мақсатында, сондай-ақ, Қазақстандағы және шекаралас мемлекеттердегі эпидемиологиялық жағдайдың күрделене түсу ықтималдығын ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік комиссияға карантин шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету арқылы екі аптаға ұзартуды тапсырды.



## БАС МҮФТИМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше елорда әкімі Алтай Көлгінов ҚМДБ бас мүфтиі Наурызбай Қажы Тағанұлымен кездесіп, карантин режимі жағдайында өтетін Құрбан айтты атап өту мәселесін талқылады.

Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты адамдардың көптеп жиналуына, бір жерге шоғырлануына болмайды. 5 шілдеден бастап енгізілген қатаң карантин режиміне сәйкес, барлық рәсім онлайн өткізілуі қажет. Осыған сәйкес биыл құрбандық шалу рәсімдері де онлайн-форматта өтеді. Осы орайда, алғаш рет қашықтан құрбан шалуды ұйымдастыру мақсатында qurban2020.kz сайты іске қосылды. Аталған сайтта кез келген азамат онлайн түрде құрбан шалуға тапсырыс бере алады. Кездесуде қала әкімі вирустың таралу қаупінің алдын алу мақсатында қауіпсіздік шараларына мән берілетінін атап өтіп, елордалық мешіт-

терге ұйымдастыру жұмыстары бойынша көмек көрсетілетінін атап өтті. Ол үшін еріктілер мен IT-мамандардан тұратын қалалық арнайы штаб құрылды. Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласының Дін істері жөніндегі басқармасы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының елорда бойынша өкілдігі және тиісті мемлекеттік мекемелермен бірлесіп дайындық жұмыстарын жүргізіп жатыр. Рұқсат етілмеген жерлерде құрбандық шалуға болмайды. Осы мәселені және адамдардың топтаспауын қадағалау үшін аудан әкімдіктерінде шұғыл әрекет ету топтары құрылды. Барлық мемлекеттік органдар күшейтілген режимде жұмыстар жүргізеді.

## ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ОҢАЛЫП КЕЛЕДІ



Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында эпидемиологиялық ахуал және індетпен күресу шаралары қаралды. Отырыста Денсаулық сақтау министрі А.Цой және өңірлердің әкімдері баяндама жасады.

Биыл 2 тамызда аяқталатын карантин режимі кезеңінде Қазақстанда эпидемиологиялық жағдай тұрақтанды, медицина ұйымдарының жүктемесі біршама азайды. Елімізде COVID-19-дан сауығып кеткендердің саны 63 пайыздан асты. Ауру жұқты-

рудың тәуліктік өсімі 4 пайыздан 1,7 пайызға дейін азайды, стационарлардағы орындардың жүктемесі 46 пайызға дейін, жедел жәрдемді шақыртулар саны 38 пайызға төмендеді. Өңірлер дәрі-дәрмектің жеткілікті қорымен қамтамасыз етілген.

## САНИТАРЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ ҚАТАҢ САҚТАЙЫҚ!

Бас қалада індеттің таралуы баяулады. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев COVID-19-бен күрес мақсатында енгізілген карантиндік шаралардың нәтижелері жөнінде баяндаған елорда әкімі Алтай Көлгінов мәлім етті.

«Мемлекет басшысына коронавируспен күрес мақсатында енгізілген карантиндік шаралардың нәтижелері туралы баяндадым. Қалада инфекция таралуының баяулағаны байқалады. Мысалы, жедел медициналық көмекті шақыру көрсеткіші 3 мыңнан 1 мың 100-ге дейін үш есе қысқарды. Оның ішінде КВИ бойынша 500-ден 89-ға дейін азайды. Стационарларға түсетін пневмониясы бар пациенттер саны 1348-ден 633-ке дейін, яғни екі еседен астам азайды. КВИ-дан сауыққан пациенттердің саны – 70 пайыз. Төсек қорының жүктемесі 99 пайыздан 38 пайызға дейін төмендеді» деп жазды қала басшысы

өзінің Facebook-тегі парақшасында.

Әкім бірқатар медициналық мекемелерде жоспарлы емдеуге жатқызу қайта басталғанын хабарлады. «Шілде айының ортасынан бастап қалаға 110 тоннаға жуық дәрі-дәрмектер мен медициналық мекемелерге қосымша жабдықтар жеткізілді. Бұл жұмыстарды жүйелі деңгейде жалғастырамыз. Президент жағдайды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Коронавирус ауруының төмендеу динамикасын сақтау үшін санитарлық нормаларды қатаң сақтау керек. Яғни маска тағып, арақашықтық сақтау қажет» деді Алтай Көлгінов.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,  
ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы:

“”

Қазір әлеуметтік желіде «депутаттар шетелде демалып жатыр» деген қауесет әңгіме қызу талқыланып жатқанын көрдім. Тіпті, кейбіреулер бұл үшін чартерлік рейс ұйымдастырылды деген жалған ақпарат таратуда. Бұл ақпараттар шындыққа мүлде жанаспайды. Мұндай қауесет әңгімелерге сенбеңіздер! Барлық депутаттар елде, осындай қиын кезеңде ел азаматтарымен бірге індетпен күресуде. Тіпті, кейбір депутаттардың өзі вирус жұқтырып, ауырып қалды. Енді бірі ең жақын адамдарынан айырылып, қиындықпен бетпе-бет келді.

(28.07.2020 ж. «Депутаттар жазғы демалыста не істейді?» деген тақырыптағы әлеуметтік желідегі пікірталасқа берген жауабы)

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### НҰР-СҰЛТАН

«Добро-Соседство» шарасы аясында Қазақстан жастары конгресі мен әлеуметтік қызмет көрсету орталығы «Шарапат» қарттар үйіне Ресейден гуманитарлық жүк жеткізді. Оның ішінде бетперде, қолғап, антисептик, термометр, тонометр, ингалятор және басқа да жеке қорғану құралдары бар.

### АЛМАТЫ

«Біз жазда да сіздермен біргеміз!» ұранымен Алматы мұражайында өнерлі қазақстандық авторлардың 8 жеке онлайн-көрмелерін өткізу жоспарланып отыр. Енді тамыздың соңына дейін әр аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері Алматы музейінің @almatymuseum аккаунтында қазақстандық суретшілердің жеке көрмелерін тамашалауға болады.

### АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Ескелді ауданында 6000 гектар жерге егілген күздік дәнді дақылдарды ору науқаны аяқталуға жақын қалды. Шаруалар жоспар бойынша себілген күздік бидайдан 2400 тонна өнім жинап үлгерді. Гектарынан 19 центнер өнім шыққан.

### ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Түркістанда үш жылдан астам жабық тұрған Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күмбезі қайта жаңартылды. Мұнда тарихи орындарды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, ортағасырлық Күлтөбе қалашығы мен Хан ордасы, ескі мешіт орналасқан магистралды көше бойында археологиялық қазба жұмыстары қолға алынған.

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Биыл «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасына орай облыс орталығында 98 жобаға қаржы қаралған. Оның ішінде негізгі басымдық жол жөндеу және әлеуметтік нысандарды жаңғыртуға бөлінген. Сол бойынша қала тұрғындары үшін қосымша 4523 жұмыс орнын ашу көзделген. Бүгінгі таңда еңбекпен қамтылғандар 80 пайызға жетті.



## ЖОСПАРЛЫ ЕМДЕУДІ ҚАЙТА БАСТАЙДЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы бірқатар медицина мекемелері жоспарлы түрде емдеуге қайта кірісті. Бұл туралы елорда әкімі Алтай Көлгінов Үкімет отырысында мәлімдеді.

Қабылданған карантин шаралары мен емханаларда амбулаториялық емдеуді күшейту медицина мекемелері мен қызметкерлеріне жүктемені айтарлықтай азайтты. Осылайша жоспарлы емдеу №1 және №2 қалалық көпсалалы балалар ауруханасында, №2 қалалық көпсалалы ауруханада қайта жанданды. 3 тамыздан бастап қаладағы емханалар да жоспарлы емдеуді жалғастырады.



## «САҚАЛДЫ» ҚҰРЫЛЫСТАР СҰРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Елордада биыл 8 мыңға жуық үлескер өз пәтерінің кілтін алады. Қала әкімі Алтай Көлгінов құрылысы ұзаққа созылған нысанның құрылыс барысымен танысып, өзінің Instagram парақшасында оқиға барысымен бөліседі.



«Баспана Көктал» тұрғын үй кешені 5 жылдан бері проблемалық құрылыс санатында келеді. Ондағы үлескерлердің саны 530-дан асады. «Бұрынғы құрылыс салушы бірнеше қабатты заңсыз салған. Мысалы, 5 қабаттың орнына 9 қабат үй салған, ал 9 қабаттың орнына – 12 қабат. Үйлердің барлығы үлескерлерге сатылды» деп жазды елорда әкімі.

Қолданыстағы нормаларға сәйкес 6 қабаттан тұратын ғимарат лифтпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Осыған байланысты аталған үйлерде лифтілерді орнату үшін қалқаларды бөлшектеу жүргізіледі және өртке қарсы эвакуациялық сатылар орнатылатын болады. «Өткен жылы бірқатар проблема болды, басым бөлігі шешілді. Үй «Елорда құрылыс компаниясы» қатысуымен «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынады. Жалпы, биыл 20 көп-пәтерлі тұрғын үй кешенін салып, пайдалануға береміз. Бұл 8 мыңға жуық үлескердің мәселесін шешуге мүмкіндік береді» деді А.Көлгінов.

## ЖОЛАУШЫЛАР ҚАРЖЫСЫ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті азаматтық авиация саласында азаматтардың тұтынушылық құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша жұмысты жалғастырады.

«Бек Эйр-дан басқа, комитет қазақстандықтардың тұтынушылық құқықтарын қорғау мақсатында төтенше жағдай кезінде жойылған рейстерге билеттердің құнын қайтару бойынша Scat, Air Astana, Fly Arystan авиакомпанияларымен өзара іс-қимыл жасайды. Бүгінгі таңда аталған комитет осы уақытқа дейін ақшалай қаражаты өтелмеген азаматтардың тізімін

жасауда. Осыған байланысты отандық авиакомпаниялардың тоқтатылған рейстері үшін қаражат алмаған азаматтар (төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты) билетті сатып алғанын растайтын барлық құжаттарды (жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, авиабилет, төлемді растау) қоса бере отырып, ТҚҚК-не жүгінуі қажет» делінген министрлік таратқан хабарла-

мада. Сот «Бек Эйр»-ді 60,1 млн теңге қайтаруды міндеттегені мәлім.

ТҚҚК-нің атына өтініш электрондық үкімет порталы арқылы арнайы сілтеме бойынша қабылданады. Поштамен мына мекенжай бойынша жіберуге болады: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 2-кіреберіс. Сондай-ақ Telegram-бот арқылы: kzpp\_bot.

## «ҮРКЕРГЕ» СУ ТАРТЫЛДЫ

Қалада барлығы 280 мың тұрғыны бар 16 елді мекен бар. Мұнда қала халқының төрттен бірі тұрып жатыр. Осындай елді мекендердің бірі – «Үркер» тұрғын алабында екі қоғамдық кеңістіктің құрылысы аяқталды.

«Быттыр елді мекен тұрғындары үйлерді сумен қамтамасыз ету, көшелер мен жолдарды жарықтандыру бойынша бірқатар мәселелерді көтерді. Биыл жазда ауданның барлық үйлеріне су тартылды. Жол төселіп, жарық берілді. Көріз жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен бірге оқу жылы басталғанға дейін елді мекенде ұялы байланысты жақсарту үшін ан-

тенна орнатуды тапсырдым» деп жазды Алтай Көлгінов өзінің Instagram парақшасында.

Сонымен қатар «Үркер» елді мекенінде 2 мың орындық мектеп құрылысын жүргізу жоспарланып отырғанын, жыл соңына дейін елді мекенде 10 канализациялық сорғы стансасы орнатылатынын, 8,5 км жол асфальтталатынын хабардар етті қала басшысы.



### ■ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбе облысының эко-белсенділері мен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мамандары облыстың экологиялық проблемаларын кешенді шешудің жол картасын әзірлейді. Бұған эмиссияларды қысқарту, жасыл белдеуді дамыту, өндіріс қалдықтарын басқару шаралары кіреді.

### ■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Облысқа медициналық мамандарды тарту бойынша жұмыс күшейтілген. Өткен жылы аймаққа 265 дәрігер тартылса, биыл тағы 240 дәрігер келеді деп күтілуде. Жергілікті бюджеттен ауылдық жерлерге келген дәрігерлердің көтерме үстемасы 1,5 млн теңгеге дейін көбейтілді.

### ■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Сәтпаев қаласында қалалық соттың жаңа ғимараты салынады. Бүгінгі таңда судьялар көпқабатты тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан типтік емес үй-жайда жұмыс істеуде. Жобада үш қабатты ғимараттың құрылысы қарастырылған.

## АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...



## МЕШІТ ЕСІГІ НЕГЕ ЖАБЫҚ?

Мемлекет тарапынан елде төтенше жағдай жариялануына және індеттің таралу қаупі жоғары болуына байланысты еліміздің мешіттерінде жұма намазы уақытша оқылмайды, намаз оқу уақытша тоқтатылды деген пәтуа шықты. Карантин күндері халық осы тәртіпке бағынды. Бұл – өте дұрыс шешім. Дегенмен бүгінде тәжтажалдың демікпесі сәл басылғанда ауыр күндерді артта қалдырып, есімізді жия бастағанымызбен, мешіттер есігіндегі қара құлып көбімізді ойландырып жүр.

Айгүл УАЙСОВА

Індет алқымнан бұғанда ҚМДБ рухани қорған бола білді ме деген сұрақ мазалайды. Әсіресе, осы күндері имам деп айтпайын, жақынымыздан айырылып жылап келгенде жай мешіт қызметкерінің жылы сөзі көбімізге медет болатын еді ғой.

Жалпы, қазақтың дүниетанымында, өзге мұсылман бауырларымызға қарағанда, мешіттің орны бөлек. Мешітке арнайы барып садақамызды тастап, имамға құран оқыту әдетімізден кетпек емес. Ал олардан бөлек діни сауаты сәл артықтардың мешітке келіп, арақашықтықты сақтап, тым болмағанда мешіттің сәлемін оқып кетсе де көп жеңілдеп қалмай ма?!

Біле білсек, мешіт – көбіміз үшін рухани қорғанымыз, тірегіміз. Бірін біліп, бірін білмейтін сеніміміздегі діни ғұрыптарды түгендеп жіберетін тұрағымыз.

Сөйте тұра, астанадағы зәулім-зәулім мешіттерден бір кісілік орын табылмағаны өкінішті. Ал

қаланың базарлары, дүкендері тірлігінен қалған жоқ, оған қоса демалыс сайын жәрмеңкелер де жұмыс істеп тұр.

Олай болса мешітке құран оқыта келген дәреті таза, имандылыққа шын мұқтаж жандарды дұға бағыштап, құран оқып шығу үшін бір-бірілеп немесе үш адамнан мешітке жіберіп тұрса, арақашықтықты сақтауға және кіріп-шығуға 10 минут уақыт шектеуі қойылса, сабыр сақтап, талапқа көнер едік.

...Мешіт жолымда болған соң, мен де бірде соға кеттім. Есігінде қара құлып, жан-жағына шектеу белгілері тартылған. Бірақ бір айтарым, мешіт ауласында садақа салатын темір жәшігі шығарылып қойылыпты...

Осылайша індет жағдайы тек мешітке келетін қауымға тосқауыл болды ма деген ойға шомдым. Әйтпесе, базарың істейді, саябағың ашық, дәмханалар сырқа дастарқан жайған... Алланың жердегі орны деп ауыз толтырып айтатын мешітке, оның білімді имамдарына айтатын сөзім осы ма еді...



Беттегі суреттер Galimtorjan алынды



## ТАЛАПТАР ЖЕҢІЛДЕЙДІ

ЕЛІМІЗДЕ 3 ТАМЫЗДАН БАСТАП КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ ЖЕҢІЛДЕЙДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ АЛЕКСЕЙ ЦОЙ МӘЛІМДЕДІ. МИНИСТРДІҢ АЙТУЫНША, КАРАНТИНДІ ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН САНИТАРЛЫҚ-ДЕЗИНФЕКЦИЯЛЫҚ ТӘРТІП КҮШЕЙТІЛІП, МАСКА ТАҒУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АРАҚАШЫҚТЫҚ ТАЛАПТАРЫ САҚТАЛУЫ ТИІС.




### 3 ТАМЫЗДАН ЖҰМЫСЫН БАСТАЙТЫН НЫСАНДАР:



САУДА, ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ



САУДА ҮЙЛЕРІ, САУДА ЖЕЛІЛЕРІ



ЖАБЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК, САУДА БАЗАРЛАРЫ




БАЛАЛАР КОРРЕКЦИЯ КАБИНЕТТЕРІ



білім орталықтары, балаларды дамыту орталықтары, үйірмелер (топта бес баладан аспауы тиіс)



КЕЗЕКШІ ТОПТАР ТӘРТІБІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕР



СҮЛУЛЫҚ САЛОНДАРЫ, ШАШТАРАЗ, КОСМЕТИКА ЖӘНЕ КОСМЕТОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН САЛОНДАР (АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ АРҚЫЛЫ)

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН КЕҢСЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ **КЕМ ДЕГЕНДЕ 80 ПАЙЫЗЫ** ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУІ ТИІС



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖҰМЫСЫ УАҚЫТ ПЕН ЖОЛАУШЫЛАР САНЫН **50 ПАЙЫЗҒА** ШЕКТЕП, САНИТАРЛЫҚ-ДЕЗИНФЕКЦИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ САҚТАУ АРҚЫЛЫ ҚАЙТА ЖАНДАНАДЫ



КӨШЕДЕ, САЯБАҚТАРДА, СКВЕР МЕН ЖАҒАЛАУЛАРДА ҮШ АДАМНАН АРТЫҚ ТОПТАСУҒА БОЛМАЙДЫ



ТАЗА АУАДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ЖЕКЕ ЖӘНЕ ТОППЕН ЖАТТЫҒУҒА, ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАЛАРҒА 30 АДАМНАН АСПАЙТЫН ТОППЕН СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР ЖАСАУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ

## ҚАНДАЙ ТЫЙЫМДАР КҮШІНДЕ ҚАЛДЫ?

- БАРЛЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ ШАРАЛАР, КӨҢІЛ КӨТЕРЕТІН МЕКЕМЕЛЕР, КИНОТЕАТРЛАР, ФУДКОРТТАР МЕН БАНКЕТ ЗАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ;
- МЕЙРАМХАНАЛАР, БАЛЛАР, ОЙЫН ЖӘНЕ ТҮНГІ КЛУБТАР ҚЫЗМЕТІ;
- МӘДЕНИЕТ НЫСАНДАРЫ, МҰРАЖАЙ ҚЫЗМЕТІ МЕН КОНФЕРЕНЦИЯ, КӨРМЕ ЖӘНЕ ФОРУМДАР ӨТКІЗУ;
- СПОРТ ЗАЛДАРЫ, ФИТНЕС ОРТАЛЫҚТАР, БАССЕЙНДЕР, АКВАПАРК ЖАҒАЖАЙЛАРЫ;
- ДІНИ НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ;
- ҚАЛА МАҢЫ ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗДАРЫ (ЭЛЕКТРИЧКА), ОРТАҚ ВАГОНДАР, ҚАЛААРАЛЫҚ АВТОБУСТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ (МИКРОАВТОБУСТАР).

## БІР КҮНДЕ 300-ДЕН АСА НАУҚАС ДЕРТІНЕН АЙЫҚТЫ

» Елордада стационарлардан 305 адам емделіп шықты. Олардың көбі – пневмония мен коронавирус инфекциясына шалдыққан егде жастағы адамдар. Қала тұрғындары өздерін ажалдан арашалап қалған жандарға, медицина қызметкерлеріне алғыс білдірді.

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Біржан Абдуллин – ауруханадан шыққандардың бірі.

– Елді ауру-сырқаудан арашалап қалып жатқан денсаулық сақтау қызметкерлеріне мың алғыс! Республика даңғылында орналасқан емдеу орталығына өкпенің қабынуы бойынша ем алуға келгенмін. Қатты ауырып келіп едім, қазір үйге барғалы тұрмын. Қуанышымда шек жоқ, мың алғыс, – дейді ақсақал.

Қала тұрғыны Петр Васильевтің екі өкпесі қабынып, ауруханаға жатқызылған.

– Дәрігерлерге, барлық медицина қызметкерлеріне кәсіби біліктілігі үшін көп рақмет! Он төрт күнде мені аяғымға тұрғызды. Бәрі жақсы, қазір өзімді жақсы сезінемін! – дейді зейнеткер.

Бас шаһарда COVID-19 және пневмонияны емдеу бойынша оң нәтиже байқалады. 5 шілдеден бастап қабылданған карантин шаралары мен амбулаториялық емдеуді күшейтуден кейін стационарлардағы пневмониямен ауыратын науқастардың саны 1348-ден 633 адамға дейін (екі еседен аса) азайды. Ал індеттен 10320 науқастың 7260-ы (70 пайызы) сауығып шықты.



## ТӘРТІПКЕ КӨНБЕЙТІНДЕР ЖАЗАЛАНДЫ

» Соңғы екі күнде полицейлер, эпидемиологтар, еріктілер мен жергілікті атқарушы орган өкілдерінен құралған мобильдік топтар елордада 36 тәртіп бұзу оқиғасын тіркеді. Олардың 13-і маска тағу мен әлеуметтік қашықтықты сақтамау міндетті ережесі болса, 23-і тыйым салынған уақытта да жұмысын жалғастырған кәсіпкерлерге қатысты.

Материалдар жергілікті атқарушы орган – Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментіне жіберілді. Полицейлер ойын-сауық нысандарына, қоғамдық тамақтану орындары, сауна, монша, аттракциондарға барып, карантин ережелерін түсіндіріп, тәртіп бұзу фактілерін анықтайды. 26 шілде күні түнгі 02:18-де Майлин көшесінде келушілерді

қабылдап жатқан кафені анықтаған. Барда би алаңында көңіл көтеріп жүрген 37 клиент болған. Олар стол басында әлеуметтік қашықтықты сақтамай, бас санитар дәрігердің қаулысын бұзған. Сонымен қатар тексеріс барысында Бейсекова көшесінде автокөлік жөндеумен айналысып жатқан техникалық қызмет көрсету орнының әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзу фактісі тіркелді.

27 шілде күні қатаң карантин шараларының бұзылуына жол бермеу мақсатында аудандық басқарма қызметкерлері мен аудан әкімдігінің өкілдері және Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы өкілдерімен бірлесіп Мұстафин көшесіндегі қонақүй кешенінің жұмысы жалғасып жатқанын анықтады. Тексеру барысында кафеде 12 адам болған. Жиналған материалдар ҚР ӘҚК 425-бабы бойынша әкімшілік жауапқа тарту үшін Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментіне жіберілді.

## МОБИЛЬДІ ТОП ЖҮКТЕМЕСІ 30 ПАЙЫЗҒА ТӨМЕНДЕДІ

» Елорда тұрғындары үй жағдайында сапалы медициналық көмек алып жатыр. Естеріңізге сала кетейік, маусым айында Денсаулық сақтау министрлігінің қаулысымен коронавирус пен пневмония жұқтырған науқастарға көмек көрсету үшін мобильді топтар құрылды. Олардың құрамында фельдшер мен медбике жұмыс істейді.

– Мобильді топтар шақыртуларға барып індеттің белгілерін байқаса, біздің фельдшерлер үйден ПТР-зерттеу үшін қан алады. Сондай-ақ COVID-19-бен ауырған отбасы мүшелерінен талдау алынады. Осылайша олардың емханаға келуін азайтып, қауіпсіздігін сақтай аламыз, – деді бас медбике Күлзи Әбенова.

Дәрігерлер үйде көрсететін медициналық көмектен басқа диспансерлік есепте тұрған науқастарға дәрі-дәрмек әкеледі. Сондай-ақ «DatuMed» қосымшасы арқылы онлайн-кеңестер өткізеді.

Дәрігерлердің айтуынша, карантин енгізілгеннен кейін жағдай тұрақталған. «Бүгінгі таңда бізде 6 мобильді топ



жұмыс істейді. Карантин енгізілгеннен кейін шақыртулар саны 30 пайызға төмендеді» дейді маман.

Шілде айынан бері қалалық жедел жәрдем стансасына түсетін қоңыраулар саны үш есе азайды – күніне 3000-нан 1100-ге де-

йін. Оның ішінде індет бойынша – тәулігіне 500-ден 89-ға дейін төмендеген.

Қазіргі таңда елордада 200-ге жуық мобильді топ жұмыс істейді. Бір мобильді топ қызметі бес мың тұрғынға есептелген.





## ТАЛДЫКӨЛДЕ – ТАБИҒИ САЯБАҚ

» Елорда әкімдігі қаланың іргесінде жатқан Талдыкөл аумағын абаттандырудың жоспарын әзірледі. Жоба бойынша көлдің жағалауында табиғи саябақ салынбақшы. Ол жабайы құстар мен ірілі-ұсақты жан-жануардың тіршілігіне кері әсерін тигізбейтін болады.



### Дәулет АСАУОВ

Талдыкөл 1970 жылдардан бері қаланың тұрмыстық қалдықтары құйылатын тоғанға айналған. Соның салдарынан көлден жағымсыз иіс шығатын. Әсіресе, су қоймасына қоңсы қонған «Жағалау» ауданының халқы жел сол бағыттан соққан күндері аузы-мұрындарын тұмшалап, әбден ығыр болушы еді. Тұрғындардың дүркін-дүркін шағымдарынан кейін, сондай-ақ экологтардың дабыл қағуларынан соң, 2015 жылдан бастап су қоймасына қалдық тоғу тоқтатылды. Көлдің басына тазартқыш блогы орнатылып, суды ультракүлгінмен залалсыздандыру цехы іске қосылды.

Енді болмағанда Талдыкөлдің экожүйесіне қайта қалпына келместей зиян келтірілер еді. Мамандардың айтуынша, мұнда 200 түрлі жабайы құс мекендейді. Оның 20 түрі халықаралық «Қызыл кітапқа» енгізілген. Олардың ішінде бүгінде өте сиреп кеткен бұйра бірқазан, ақбас үйрек, сұңқылдақ аққу, аққұйрық

субүркіт те бар. Елік, қабан, түлкі сияқты хайуандар мен ұсақ кеміргіштердің он түрі, екі түрлі қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың үш түрі көл басын тіршілік ету ортасына айналдырған. Бұл аумақта 98 түрлі декоративті, емдік және тағамдық өсімдіктер өседі.

Айта кетейік, жергілікті атқарушы билік пен экологтар және қоршаған ортаны қорғау ұйымдарының өкілдері Талдыкөлді табиғи саябаққа айналдыру мәселесін осыдан бір жыл бұрын талқыға салған болатын. Бұл идеяны алғаш рет Қазақстанның биотүрлілігін қорғау қауымдастығы (ҚБҚҚ) ұсынды. Елорда әкімдігі қауымдастықтың ұсынысын құп көрді. Ойға алған жобаны жүзеге асыру үшін былтыр «Астана бас жоспары» ҒЗО» ЖШС пен қауымдастық мамандары Ұлыбританияның Құстарды қорғау корольдік қоғамының қолдауымен құрылған Лондон су-батпақ алқабы орталығында Rainham Marshes табиғи саябағында, Шервуд орманында, Minsmere Reserve қо-

рығында болып, жетекші мамандармен кеңесіп, табиғи саябақтарды жобалау және салу бойынша халықаралық тәжірибемен жіті танысып қайтты.

Табиғи саябақтардың қатардағы саябақтардан басты айырмашылығы – онда қоршаған ортаға адамның әсері мейлінше елеусіз болуы тиіс. Түрлі ойын аттракциондары орналастырылған, жолдары таспен шегенделген, даңғазәуен ойнап жатқан жерге аң-құс жоламайды. Оның үстіне қадам аттам сайын қалқып тұрған асхана-дәмханалардың түтіні ауаны ыстап жатса, табиғаттың шырқын бұзады. Жасанды саябақтың инфрақұрылымы адамдар демалып, көңіл көтеруі үшін жасалады, ал табиғи саябақта, керісінше, бүкіл құрылым хайуанаттардың тіршілік ыңғайына бейімделеді.

ҚБҚҚ аға ғылыми қызметкері, жоба авторы Руслан Оразалиевтің айтуынша, Талдыкөлдің ауқымды бөлігі адамның қолы тиместей жабайы табиғат күйінде сақталады. Тіпті хайуанаттар мен құстардың еркін өсіп-өнуі үшін «тыныштық

алқаптары» құрылады. Ол жерлерге адам аяғының басуына тыйым салынады.

– Жан-жануардың, «Қызыл кітапқа» енген құстардың тіршілік етуіне қолайлы табиғи орта қалыптастырылады. Саябақта колледждер мен жоғары оқу орындарына арналған экологиялық орталығы салынады. Оның жанынан зертхана құрылады. Мұнда болашақ биологтар, ихтиологтар, орнитологтар, экологтар микроағзалардың өмірімен егжей-тегжейлі таныса ала-

ды. Сондай-ақ ол астанаға қыдырыстап келетін туристер үшін де сүйікті орынға айналатын болады, – дейді «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ басшысы Нұрлан Ұранхаев.

Бір қуаныштысы, Талдыкөл аумағынан табиғи саябақ ашу үшін көп қаржының да керегі жоқ екен. Саябақ үш экожүйеден тұрады: орман, жазық және көк шалғынды алқап.

Сондай-ақ астаналықтар

мен туристердің демалысы және құстарды қызықтауы үшін өзенді жағалай арнайы үйшіктер орналастырылады. Олар оптикалық құрылғылармен жабдықталады. Саябақ ішінде жаяу жүргіншілерге арналған соқпақтар, жүгіруге және велосипед тебуге арналған жолдар салынады. Сондай-ақ саябақтың бір бөлігінде футбол және волейбол алаңдары, спорттық жаттығу құрылғылары және балалардың ойын алаңдары жасакталады. Пикникке арналған күркелер орналастырылады.

Экологиялық оқу орталығының су қорғау аумағын қоса есептегендегі ауданы 100 метр телімге орналастырылады. Ол қаланың бас жоспарында бекітілген. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ маманы Әбдіманап Жұмаділдаевтың айтуынша, қазіргі күні табиғи саябақтың жобалық-сметалық құжаты пысықталып жатқан көрінеді. Бірақ одан бұрын мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын алу қажет. Жобалық-сметалық құжат 2020 жылдың соңына дейін дайын болады. Ал табиғи саябақ құру жұмыстарына шамамен тағы 1-2 жыл кетуі тиіс.

## ҚАЛАДАН ТАБИҒАТҚА:

### «АУЫЛ ТУРИЗМІ» БІЗГЕ АУАДАЙ ҚАЖЕТ

» Осы карантин күндері ауылдан жайлы жер іздеп, алаңсыз демалатын жағдай қарастырып жатырмыз. Емге дәру деген соң бие байлап, қымыз ашытып отырған ауылдарда саумал ішіп, он күнге болса да әлденіп алуға қажеттілік бар. Демек, жанұшырғанда туған жеріміз еске түсіп, ауылды ойға алуымыз заңды екен.

### Айгүл УАЙСОВА

Қаланың шуынан аулақ, киіз үйдің көлеңкесінде самаурын қайнатып шай ішіп, шоқ табаға піскен нанға жаңа пісілген майды былғап жеп, тек мөңіреген сиыр мен маңыраған қойдың арасында үрген иттің ғана дауысы естілетін ауылдың мамы-

ражай өмірі мына індетті ұмыттыратындай көреміз. Соны аңсағандардың алды интернетке хабарландыру жіберіп, табиғаты тамаша жерде оқшау үй табылса, айналасы малға толы берекелі ауыл болса айлап жатып, тынығар едік деп сұрастырып жатыр.

Бұл тағы бір мәселенің басын ашты. Яғни «ауыл туризмі» бізге ауадай қа-

жет. Тек қазіргі қысылтаяң кезде ғана емес, жалпы осы туризмді дамытудың болашағы зор.

Бұл туризмнің мән-мағынасы – саяхатшылардың ауылдық жерде демалып немесе сол жердің егін-терім сияқты тірлігіне араласып, өзін жаңа ортада сезінуі. Туристер оны қала шуынан тынығу, таза ауада сейілдеп,



табиғи, еш қоспасыз тағаммен тамақтанып, табиғаттың аясында тыным тапқысы келуімен іздейді.

Ауылға барғыңыз келсе, елдегі туыстарыңызды аралаңыз деуге де болады. Бірақ мұндай көзқарас туризмнің дамуына тұсау болады. Ауыл туризмі этнографиялық сабақ алатын, балаларды қазақы болмыспен қауыштыратын, дала иісін сезіндіріп, кеңдікті көңіліне тоқытатындай шарттарды біріктіруі керек. Атқа жем салып не болмаса құлынды байлап тұрса да пайдасы зор. Қозы-лақ қуалап келсе де ғажап емес пе! Алдымен

еңбекке баулиды. Білім алып ізденудің қадірін біледі. Көздері смартфондардан тынығанды. Осы күндері қазақтың баласына тайға мініп атпен жарысқан жетіспейді деп жатыр. Қазақша тілін сындыру керек пе, ауылдың қара домалақтарымен бірге ойнап келсін. Өсе келе қаланың пысығы ауылдың баласы деп үркіп тұрмайтын болады.

Мұндай мүмкіндік елде отырғандардың көбінде жоқ. Бір ауылда бірлі-жарым адамдар бие байлап отырған тірлігі өздерінен артылмайды.

Рас, ауыл туризмін дамытып шешуге болады. Қонақ-

жайлылықтың да қаражатына қол жеткізудің амалын ойластыру қажет.

Мұндайда кез келген ірі қаланың шетінде қолайлы жерді таңдап алып, жайлауға киіз үй тігіп жіберіп, қажетті жабдықтарды жеткізіп, балаларға да, ата-аналарына да арналған бағдармалама жасап, уақыттарын мәнді өткізуге жағдай жасаса жақсы болар еді деп армандаймыз. Жасанды этноауылдай емес, нағыз ауыл тірлігімен жымдасып жатса дейміз. Оны қалай жетістігімізге айналдыруды мамандар ойлап шешер деген үміттеміз.







## БУКМЕКЕРЛЕР БАЛАЛАРДЫ БҰЗЫП ЖАТЫР

» Елордада мектеп инспекторларының саны жетіспейді. Сондай-ақ кәмелетке толмаған балалардың букмекерлік орындарда көп уақытын өткізу мәселесі бар. Таяуда Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және қоғаммен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында мәслихат депутаты Ақылбек Күрішбаев осы проблемаларды көтерді.

– Қазіргі күнде қаладағы мектептерде инспекторлардың тапшылығы нақты қандай? Шаһарымызда букмекерлік орындар көп екені баршамызға аян. Маған осы мәселемен сайлаушылар жүгінді. Олардың оқушы балалары осындай орындарға барған соң, отбасыларында жағымсыз жағдайлар болған. Бұл мәселені бақылауда ұстап отырсыздар ма? – деген сауалдарды депутат қалалық Білім басқармасының басшысы Шолпан Қадыроваға жолдады.

Басқарма басшысы мектептерде 17 инспектор жетпейтінін айта келе, бұл жағдай құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдерді бақылауда ұстауға қиындық тудырып жатқанын жеткізді. Ал букмекерлік орындар қызметіне арала-

су басқарманың құзырына кірмейтінін, бірақ бұл аса маңызды мәселені басқарма «Astana – adaldyg alany» өкілдері және депутаттармен бірге қадағалауға алса, түзу жолдан тайып кеткен балаларды тәрбиелеп алуға болатынын айтты.

Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Бақытжан Малыбаев құқық қорғау органдары қызметкерлері букмекерлік орындарды жабу ұсынысымен бірнеше рет қала әкімдігіне шыққанын баяндады. Бірақ қазір олардың қолжетпейтін тоқтату мүмкін болмай тұр.

– Біз букмекерлік кеңселерді жиі тексереміз. Егер онда кәмелетке толмаған баланы көріп қалсақ, ата-анасын шақырамыз. Сосын букмекерлік орындардың

иелеріне тиісті шараларды қолданамыз. Бүгінде айыппұл салудан басқа ештеңе істей алмаймыз. Мәжіліс депутаттары осындай орындарды жабуды көздейтін заң жобасын қарады. Егер ол бекітілсе, әрине, соған сәйкес әрекет етеміз, – деді Б.Малыбаев.

Қалада мектеп инспекторларымен қатар ювеналды полиция қызметкерлері де жетіспейді. Б.Малыбаевтың айтуынша, қазіргі тапшылық – 25 адам. Оның сөзінше 40 қызметкер декреттік демалыста отыр.

Бұған, керісінше, мектеп психологтарының саны артқан. «Мектептерде психологиялық қызмет күшейтілді. Соңғы үш жылда психологтар 21 пайызға көбейіп, 340 адамға жетті. «Астана дарыны» орталығы жанында психологиялық



қызмет жұмыс істеп жатыр. «Право» қоғамдық қоры және «Демеу» жеке коммерциялық емес мекемені бірге жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. «Амалтея» атты автоматтандырылған психодиагностика іске қосылды. «Татуласу мектебі: теңтеңімен» мектеп медицинасын дамыту жобасы жүзеге асырылуда. «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығымен бірге «Ата-аналар клубы» атты диалог

алаңын дамыту бойынша келісімшартқа қол қойдық» деді Ш.Қадырова.

Оның сөзінше, жаңа оқу жылынан бастап тарихта алғашқы рет қаланың 72 мектебінде ұлттық спортпен ұлттық өнерді дамытуды көздейтін «Алтын ұрақ» жобасы жүзеге асырыла бастайды. Ол 1440 баланы қамтиды. «Шығыс» балалар-жасөспірімдер орталығында ұлттық спорт орталығын ашу жоспарлануда. Қаланың төрт ауда-

нында осы орталықтың 1040 оқушысына арналған дене шынықтыру клубтары жұмыс істей бастайды. №2 өнер мектебінде енді құрылған «Tumar» арт» сәндік-қолданбалы өнер орталығында 400 балаға сабақ оқытылады. Сондай-ақ «қиын» балалар мен олардың ата-аналарына көмек беретін психологиялық қызметтер мен қолданыстағы бағдарламаларды дамыту жоспарланған.

## ЕРЕЖЕГЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛЕ МЕ?

» Қазір бүкіл әлемде, соның ішінде елімізде де індетпен күрес мәселесі өзекті болып отыр. Осы орайда қауіпті індет иттер мен мысықтардан адамға жұғуы мүмкін бе? Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында мәслихат депутаты Қарақат Абден осы сауалды тиісті мамандарға жолдады. Аталмыш отырыста бас қалада қаңғыбас иттер мен мысықтарды ұстау және жою ережелері қаралды.

– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпаратына сәйкес, иттер мен мысықтар COVID-19 індетін таратушы болып саналмайды. Бірақ пандемияның алдында Ауыл шаруашылығы министрлігі бізге жіберген хатында олар вирусты тасымалдаушы екені көрсетілген, – деп жауап берді бұл сауалға «Астана ветсервис» кәсіпорнының директоры Данияр Абдулов.

Оның жауабына қарағанда, бұл мәселе әлі толық зерттелмегенін айтқан Қарақат Жақсылыққызы кәсіпорын жұмыскерлерінің арасында вирусты жұқтыру жағдайлары болды ма деп сұрады.

Кәсіпорын директоры өзі екі рет және алты жұмыскер індетпен ауырғанын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау бөлімінің басшысы осы аурудан қайтыс болғанын жеткізді.

Қазір ел өңірлерінде қаңғыбас иттер мен мысықтарды тәлімбақта ұстау тиісті ережеге сәйкес 3-14 күннен аспайды. Нұр-Сұлтан қаласында ғана бұл мерзім 60 күнге созылған. Одан кейін иелері табылмаса, жануарлар жойылады. Қарақат Абден елордада осыған тым көп уақыт берілген деп есептейді. Әріптесі Аман Аюпов та осы пікірді қостайды.

– Егер ит жоғалса, иесі арнайы тәлімбаққа келіп, мұны жеткізу керек. Иті туралы барлық ақпаратты қалдыруы тиіс. Соған сәйкес жануар табылғанда оған хабар жіберіледі. Оған көп уақыт керек емес, екі ай күтудің қажеті жоқ. Мәселе иесінде болып тұр ғой. Былтыр иттер мен мысықтарға чип орнату мәселесін қараған едік. Мен онда өз пікірімді айтқанмын. Қазір де қоғамымыз бұған дайын



емес сияқты. Бұл мәселеге келгенде әлі де ойлана түсуіміз керек тәрізді, – деді А.Аюпов.

Данияр Абдуловтың айтуынша, 2017 жылға дейін бас қалада да қаңғыбас иттер мен мысықтар артық ұсталмайтын. Бірақ үш жыл бұрын жануарларды қорғау ұйымдары оларды ұстау мерзімін 60 күнге дейін созу мәселесін көтеріп, ақыры дегеніне жетті.

– Қазір біз 600-дей ит пен мысықты ұстап отырмыз. Иелері алып кетуге келмесе, еріктілер жануарларға жаңа иелерді іздейді. 60 күн сол үшін керек. Шынын айтқанда, біздегі иттердің 90 пайыздан астамы – қандендер. Оларды жұрт ала қоймайды. Бір айда 20 ит қана жаңа иелеріне тапсырылады. Бюджеттен иттер мен мысықтарды ұстауға бөлініп жатқан қаржы жеткілікті. Бірақ ел өңірлерін айтпағанда, иесіз жануарларды 14 күннен аса уақыт ұстайтын әлемде бірде-бір мемлекет жоқ. Зооолонтерлер ТМД елдерінде, Ресей мен Беларусьте қаңғыбас иттерді аулаған соң

ұрықсыздандырып, бостандыққа жіберетінін айтады. Бірақ бұл да тиімсіз. Себебі аш иттер топтанып, адамдарға шабуылдайды. Сіздермен келісемін, Нұр-Сұлтан қаласына қатысты тиісті ережеге өзгеріс енгізіп, қаңғыбас иттер мен мысықтарды тәлімбақта ұстау мерзімін 60 күннен 14 күнге қысқарту керек, – деді «Астана ветсервис» директоры.

Нұр-Сұлтан қаласы Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының басшысы Төлеген Құлышевтің сөзінше, осы күндері елордада қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулаумен төрт бригада, барлығы 8 адам айналысады. Оларға арнайы көліктер берілген. Бұл мәселе бойынша тұрғындардан өтініштер «iKomek-109» қызметі және «Астана ветсервис» кәсіпорнының (иесі анықталмаған жануарларды ұстау мен жою осы мекемеге жүктелген) байланыс орталығы арқылы қабылданады. Осы жылдың басынан 3 мыңнан аса өтініш келіп түскен.





## ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРГЕН ЖӨН

» Коронавирус пандемиясы пациенттер мен дәрігерлерге өзара жақсы байланыс керектігін көрсетті. Қазіргі жағдайда бұған жұмысымызды цифрландыру арқылы қол жеткізе аламыз. Бүгінде саламызда цифрлы алаң жоқ емес, бар. Оның атауы – медициналық ақпараттық жүйелер (МАЖ). Бұл жүйелерге онлайн кеңес беру деп аталатын өте пайдалы сервис енгізілген. Бірақ жүйе жетілдіруді қажет етеді.

Әзірге бізге, дәрігерлерге, пациенттермен өзара байланысты тиісті деңгейде орнатуға МАЖ көмектесе қойған жоқ. Ал пандемия кезінде бұл аса маңызды. Коронавирус инфекциясын жұқтырған пациенттердің 80 пайызы үйлерінде жатып емделіп жатыр, 20 пайызы ғана медицина мекемелеріне жатқызылуда.

Медициналық ақпараттық жүйелерде екі негізгі проблема бар. Оның алғашқысы қолжетімділік болса, екіншісі – жүйелерді біріктіру. Қолжетімділік бойынша бәрі түсінікті, бүгінде байланыстың нашарлығы немесе мүлдем жоқтығы салдарынан, тиісті қондырғылардың болмағандығынан кейбір медициналық мекемелер мен пациенттердің қолы цифрлы қызметке жете бермейді. Әсіресе, ауылдық жерлерде бұл – үлкен проблема. Екінші мәселе, медициналық ақпараттық жүйелер тиісті дәрежеде біріктірілмеген.

Мәселен, бастапқы медициналық-санитарлық көмек қызметі 15 ақпараттық жүйеде жұмыс істейді. Атап айтқанда, учаскелік дәрігерге кепілді тегін медициналық көмек аясында дәрілерді жазып беру үшін алдымен дәрімен қамтамасыз етудің ақпараттық жүйесіне кіру керек. Бұл – бірінші жүйе. Диспансерлік науқастың қаблдауға келгенін тіркеу үшін ауруларды басқару бағдарламасының онлайн-регистріне кіріп пациенттің келген күнін, денсаулығын тексеру мен емдеудің қорытындыларын жазу керек. Бұл – екінші жүйе. Пациент күндізгі стационарда ем алып болған соң, мұны стационарлық науқастың электронды регистрінде растау керек. Бұл – басқа жүйе. Аяғы ауыр әйелдердің мәліметтері жүктілердің регистріне енгізіліп, медициналық ақпараттық жүйеге көшіріледі. Адамның өмірден өткені туралы куәлік келесі жүйеде рәсімделеді. Осылайша дәрігердің пациентке қатысты әр қимылы бірнеше жүйеге тіркеле береді.

Медициналық бағдарламалардың бөлек-бөлек орналасуы пациент пен дәрігердің өзара байланысын жақсартпайды. Соның салдарынан науқастарға жедел қызмет көрсету мүмкіндігі төмендейді. Бүкіл құжат қолымен толтырылады. Осылайша



қаптаған бағдарламалар дәрігерге белгіленген 15 минут ішінде жұмысын аяқтауға мұрша бермейді. Ал қазіргі жағдайда жеделдік өте қажет және аса маңызды.

Қазіргі қысылтаяң шақта, пандемия жайлаған уақытта бүкіл ақпараттық жүйелерді біріктіру – заман талабы. Дәрігерге бірыңғай медициналық жүйесіз жан-жақтан келіп жатқан ақпараттар ағынымен жұмыс істеу қиын. Егер онлайн жұмыс істеудің қажеттілігі сақталса, бірыңғай жүйе өте керек. Жаңа жүйе дәрігерге ғана емес, пациентке де ыңғайлы болуы қажет. Қажеттілік туындағанда пациент қайда хабарласу керектігін білгені жөн.

Коронавирустың алғашқы толқыны кезінде пациенттер жедел жәрдемге хабарласып, ұзақ кезек күтті. Телефон қоңырауларына емханалар жауап беруге үлгермеді. Пациенттер біресе емхана нөмірлеріне, біресе колл-орталықтарға, біресе дәрігерлердің ұялы телефондарына хабарласты. Сол себептен соғылған қоңыраулар туралы ақпарат әр жерде сақталып, тиісті бағдарламаға кешігіп енгізілді. Бұлай болмауы керек. Коронавирус бізге жұмыстың жаңа форматы керектігін көрсетіп берді.

Бұл мәселе техникалық және заңдық тұрғыдан қалай шешілетіні маған белгісіз. Бірақ бізде осындай жүйелерді әзірлейтін және жақсартатын талантты студенттер, жас ғалымдар мен тәжірибелі мамандар көптігіне еш күмәнім жоқ. Тиісті министрлік осы мәселеге жіті назар аударса деген тілегім бар.

**Алтыншаш ТАБУЛДИНА,**  
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаты, №5 қалалық емхананың бас дәрігері

## МИГРАНТТАРДЫҢ ВИЗА МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

» Қазіргі қысылтаяң шақта елордаға оқуға түскен шетелдік студенттердің мәселесі қалай шешіліп жатыр? Жақында көші-қон мәселелеріне арналған Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиясының отырысында мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Мәжит Шайдаров осы сауалды жолдады.

Қалалық Көші-қон қызметі басқармасының басшысы Арман Баймұхаметтің айтуынша, шетелден келетін студенттер алдын ала өздері немесе өкілдері арқылы уақытша тіркелуге қажет барлық қажетті құжаттарды ұсынады. Соның арасында паспорттың түпнұсқасы мен көшірмесі, өтінішхат, көші-қон картасы және басқа да құжаттар бар. Қазіргі уақытта студенттермен сәйкес жұмыс жүргізілуде. Визалық қолдау бойынша ешқандай проблема жоқ.

– Шетелдік студенттердің көпшілігі карантиннің жариялануына байланысты қаламызда, өз жатақханаларында қалды. Бұл – отанына оралуға үлгермеген жастар. Біз оларға визалық қолдау мерзімін ұзартамыз, – деді А.Баймұхамет.

Осы орайда қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы мигрант-студенттердің жағдайы туралы егжей-тегжейлі ақпарат дайындап, қалалық мәслихатқа жіберуді ұсынды.

Қалалық мәслихаттың заң-

дылық, құқықтық тәртіп және қоғаммен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Қайырлы Тәукен әріптесін қостап, еңбек мигранттарымен жұмыс жайын сұрады.

– Төтенше жағдай жарияланған уақытта еңбек мигранттарына визаның мерзімі ұзартылды. Олар визаның мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылмады. Уақытша рақымшылық жарияланды. Мигранттарға қаламызда заңды жолмен жүргенін растауға уақыт берілді. Барлық мәселелер жұмыс тәртібінде шешілді. Төтенше жағдай аяқталғанға дейін олардың көпшілігі тіркеліп, еңбек патенттерін рәсімдеді. Яғни елден шығарылмады. Оның үстіне шекара жабық болды, – деп жауап берді Көші-қон қызметі басқармасының басшысы.

«Пригородный» тұрғын алабындағы саяжайларда тұратындардың көпшілігінде қалада тіркеу жоқ. Мәслихат депутаты Қарақат Абден осы мәселені қозғады. Бұған жауап берген

А.Баймұхамет саяжай жекешелендірілмесе, көші-қон қызметі оның тұрғындарын тіркемейтінін айтты.

– Үкіметтің №427 қаулысына сәйкес, адамды тіркеу үшін баспана болуы керек. Ал саяжайларда тұру үшін әдетте тиісті жағдайлар болмайды. Оның үстіне саяжайларда мекенжай болмаған соң, онда адамдарды тіркей алмаймыз, – деді басқарма басшысы.

Қарақат Жақсылыққа барлығы заң аясында болу керектігімен келісе келе, бұл мәселені алдағы уақыттарда шешу керектігін атап өтті. «Карантин кезінде адамдар ауырып қалуы мүмкін. Саяжайларға рейдтер ұйымдастырыла ма? Сондағы табысы 50 мың теңгеден аспайтын отбасыларға айыппұл салынған жағдайлар кездесті» деді депутат.

Көші-қон қызметі басқармасының басшысы қазіргі уақытта рейдтер жүргізілмейтінін, бұл адамдарға қатысты ешқандай айыппұл санкциялары қолданылмайтынын айтты.

Беттерді дайындаған  
**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



## ДӘРІ БАҒАСЫН КІМДЕР КӨТЕРДІ?

» Жұырда Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатына тұрғындардан дәрі-дәрмектің бағасы негізсіз көтерілгені туралы көптеген арыз-шағымдар түсті. Депутаттар Мирас Шекенов, Рамзия Өмірбаева және Илья Мещеряков мәселенің анық-қанығына көз жеткізу үшін бірқатар дәріханаларды аралап шықты.

– Қаламызда дәрілік заттардың тапшылығы байқалды. Кейбір дәріханалар дәрілердің шекті бағасын белгілеу туралы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығын бұзды. Әрине, мұндайға халық төзбеді, – деді мәслихат депутаты,

«Astana – adaldyq alany» жобалау кеңсесінің жетекшісі М.Шекенов.

Рейдке депутаттармен бірге «Astana – adaldyq alany» жобалау кеңсесінің, жемқорлыққа қарсы комитеттің мониторинг тобы мен партиялық бақылау комитетінің

өкілдері қатысты. Қорытындысында дәрі-дәрмектің бағасын көтеру шағын дәріханаларда кездесетіні анықталды.

– Желілік дәріханаларда дәрі-дәрмектің шекті бағасынан асырып сату фактілерінің бірі де анықталған жоқ. Бағаны шағын дәріханалар көтереді. Олар «өзімізге биміз, өзімізге қоғамыз, ешкім жұмысымызды бақыламайды» деп ойлайды, – деді М.Шекенов.

Аралау қорытындысында заңға қайшы әрекет еткен дәріханалар иелерін жауапкершілікке тарту үшін тиісті органдарға хат жіберілді. Бұл үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензияны қайтарып алуға дейін әкімшілік жауапкершілік көзделген.



Дәрігер  
кеңесіМыңжылқы БЕРДІҚОЖАЕВ,  
жоғары санатты  
нейрохирург-дәрігер:ТҮСІНБЕСТІК  
БОЛМАСЫН!

Өкпесі 30 пайыз пневмониямен зақымданған науқасты үй жағдайында емдеуге болады. Олар дене қызуын түсіретін дәрілер қабылдап, сұйықтық көп ішуі керек. Сонымен қатар дәрумендер қабылдап, ішетін тамағының құнарлына мән беруі қажет. Мұндай науқастарға қосымша емнің қажеті жоқ. Бұл кезде әдетте дене қызуы 4-5 күн 38,5-39 градусқа дейін көтеріліп, одан кейін қалпына келе бастайды. Ал қызудың көтерілуі бес күннен асып кетсе және өкпенің 50 пайыздан көп бөлігі зақымданса, сондай-ақ науқасқа оттегі жетпей, сатурациясы 93-тен төмен болса, ентікпесі де 24-тен жоғарыласа,



бұл адам ауруханада емделуі тиіс. Одан бөлек, қосымша созылмалы аурулары бар және жасы 65-тен асқан науқастардың дене қызуы көтерілсе де ауруханаға жатқызылуы мүмкін.

Алғашқы кездерде адамдардың көбі түсінбей, өкпесі тек 5-10 пайыз зақымданса болды КТ-ға түсе беретін. Қазіргі таңда олай етудің қажеті жоқ. КТ диагностика қояды, бірақ ол адам ағзасы үшін күрделі. Сондықтан компьютерлік томографияға үйде жеңіл түрімен ауырып жатқандардың түсуі міндетті емес.

Коронавирус жұқтырған кезде адам ағзасында тромб түзілетіні туралы да айтылды. Мұны естіп алып көп адамдар дереу қан сұйылтатын дәрілерді олардың қандай әсері бар екеніне қарамастан ішті. Адамда стресс болған кезде түрлі жаралар пайда болуы мүмкін. Ал сондай кезде қанды сұйылтып жіберсе, ол адам өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан мұндай препараттар дәрігердің қадағалауымен берілген жөн.

Халық арасында бұл вирусты емдеуде фавипиравир деген дәрінің әсері күшті деген сөз тарап жүр. Дегенмен менің айтарым, оған қатысты нақты дәлелденген деректер жоқ. Қазір ол клиникалық зерттеуден өткізілуде. Егер пневмонияның орташа немесе ауыр түрі болса, алғашқы 72 сағаттың ішінде науқастың қолын қойдырып, келісін алған соң ғана берілуі мүмкін. Яғни осы арқылы науқас аталған дәрінің халықаралық зерттеуіне қосылатынын растайды. Келісім бермесеңіз, әрине, өз қалауыңыз. Амбулаторлық жағдайда оны қабылдаудың қажеті жоқ. Сонымен қатар жүкті әйелдер де абай болғаны жөн. Әзірге бұл препаратты ішпей тұра тұрған абзал.


## МӘМС МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕ МЕ?

» Индет елді жайлаған соңғы 4 айда денсаулық сақтау саласының барлық ресурсы коронавируспен күрес шараларына бағытталды. Медициналық ұйымдар шұғыл қайта бейімделді. Мыңдаған медицина қызметкерлері еліміздің ауруханалары мен емханаларында тәулік бойы вахталық жұмысқа ауысты. Осы инфекциядан емдеу және медицина ұйымдарын қаржыландыру ісіне медициналық сақтандыру саласы жауапты болды.

Райхан  
РАХМЕТОВА

«МӘМС жүйесінің коронавирус инфекциясымен күрестегі үлесі» туралы брифингте Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Болат Төкежанов коронавирусқа қарсы күрес шараларына елімізде жалпы 56,7 млрд теңге бөлінгенін жеткізді. Оның ішінде керек жабдықтар алу, медицина мамандарына ақша төлеу, төсек-орындар әзірлеу және тағы да басқа қызметтер үшін төлемдер бар. Халыққа көмек көрсету үшін 630 мекемемен шарт жасалған. Төрағаның айтуынша, қор КВИ диагностикасына, емдеуге және асқинуларға байланысты барлық шығынды медициналық ұйымдарға өтеу үшін емдеудің ауырлығын ескере отырып жаңа тарифтер дайындаған.

– Сонымен коронавирустық инфекцияның жеңіл деңгейіндегі бір науқасты емдеуге – 292600 теңге, орташа деңгейдегі науқас үшін – 446100 теңге, ауыр науқасты емдеуге 1,5 млн теңге бөлінеді. Өте ауыр халдегі пациенттерге қордан бір науқас үшін 1,7 млн теңге қарастырыл-

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК  
МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

мақ. Маусым айының соңында қор жеткізуші мекемелердің қызметі мен қауіпті аймақта жұмыс істеген медицина мамандарына 44 млрд теңге бөлінді, – деді Б.Төкежанов.

Елде бұған дейін дау туғызып келген дәрі-дәрмекке қатысты енді ешқандай қиындық болмауға тиіс. Себебі аталған

қор басшысы халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету үшін «СҚ-Фармация» КЕАҚ-мен бірлесіп толықтай алдын ала төлем жасалғанын мәлімдеді. Сонымен қатар қордың штат құрылымы да қайта қаралып, қайталанатын қызметтерді алып тастау арқылы оның саны азайтылмақ.


## ЕМГЕ ШИПА, КӨҢІЛГЕ МЕДЕУ

» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қарттар мен мүгедектерге және мүгедек балаларға арналған оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі карантин жағдайына байланысты жұмыс жүйесін біршама өзгертіп, денсаулығы күтімге мұқтаж азаматтарға қызмет көрсетуді жалғастырып жатыр.

Ғалым  
ҚОЖАБЕКОВ

Бурабай аймағындағы «Қатаркөл» көлінің жағасында орналасқан орталықта, негізінен, зейнеткерлер, соғысқа қатысқан ардагерлер және түрлі топтағы мүгедек азаматтар шипажайлық емдом алады. Бұл орталықта әкімдік тапсырысына қарай бір кезекте 400-ге жуық адам болуға тиіс болса, қазіргі кезде COVID-19 жағдайына байланысты жартылай жүктемеде жұмыс істейді екен. Мәселен, шілденің 15-28 аралығында мұнда 200 адам ем-шараларын алды.

– Пандемияға байланысты орталықтың жұмысына біраз өзгерістер енгізілді. Біріншіден, жолдамамен келушілерді бірден бөлмелеріне орналастырамыз, содан кейін дәрігер мамандар өздері барып тіркеу, тексеру, емдік шаралар тізбесін белгілейтін болады. Бұл – бұрынғыдай кезекті болдырмау үшін жасалған шара. Сонымен қатар, санитарлық талаптарға байланысты бірқатар емдік шараларға келушілер үшін ұйымдастырылатын мәдени шараларға шектеулер қойылды. Ал басқадай ем-дом көлемі қысқартылған емес. Маскамен жүруге, арақашықтық сақтауға қатаң қараймыз. Көптеген түсуге, саяхатқа шығуға рұқсат жоқ. Осының бәрі қауіпсіздік үшін жасалып жатқанына келушілеріміз түсіністікпен қарайды, – дейді орталықтың бас дәрігері Роза Қалиева.




Карантин жағдайы қызмет көрсетушілердің қатарына да әсер еткен екен. Қазір орталықта 38 медициналық қызметкер жұмыс істейді. Тағдырдың жазуына қарай, мемлекет тарапынан жеңілдікке ие болған жандарға қызмет көрсетіп жүрген орта-

лықтың бас медбикесі Айман Мырзахметова, психолог Роза Ағыбаева, массажист Жәнібек Нұрмағанбетов, медициналық қызметкерлер Людмила Стаценко, Клара Бегімбаева, Бибігүл Оразалинова және басқалары көпшіліктің ризашылығына бөленіп жүр.

– Осындай орталықтың жұмысын тоқтатпай, әсіресе, қазіргідей пандемия жағдайында мұқтаж адамдарға көмек көрсетіп жатқанына алғысымыз шексіз. Ем-дом шаралары барынша беріліп жатыр. Эпидемиологиялық жағдайға байланысты шектеулер де жоқ емес, бірақ оның бәрі қауіпсіздік үшін жасалып жатқанын түсінеміз. Ең бастысы, орталыққа келген азаматтардың бәрі осындағы қызмет көрсетуге риза болып жүр, – дейді Ауған соғысына қатысушы, жауынгер-интернационалист Абай Апышев.

Иә, орманы мен көлі көз тартатын табиғат аясындағы «Қатаркөл» оңалту орталығы күтімге мұқтаж мыңдаған астаналықтың еміне шипа, көңіліне медеу болып келеді.





» Жуырда Дүниежүзілік банктің сарапшылары COVID-19 індетінің кесірінен Қазақстанда 800 мыңнан астам адам кедейлік қамытын іледі деген болжам жасады. Банк мамандары Қазақстандағы кедейлік 2020 жылы бұрын болжанған 8,3 пайыздан 12,7 пайызға дейін өседі деген тұжырым жасады. Демек, 18,7 млн халық санына шаққанда әлеуметтік ахуалы төмен адамдардың саны 2,3 млн-ға жетпекші. Айтпақшы, Дүниежүзілік банк күн сайын 5,5 АҚШ долларынан аз табыс табатын адамдарды кедейлердің қатарына қосады. Өткен жылы еліміздегі мұндай табысы барлар 6,8 пайызды құраған. Қаржылық институттың «Дағдарысты жеңу» атты баяндамасында әлемдік экономистер ұзаққа созылған дағдарыс кедейшілікті ұлғайтатынын айтады.

# ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ КЕДЕЙЛІК

меттік келешегімізге және ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей әсер етеді. Осыны естен шығармағанымыз абзал» деді отандық саясаттанушы.

## БАНКТИҢ БОЛЖАМЫМЕН ТОЛЫҚ КЕЛІСЕМІН

Экономикалық саясат институтының президенті, экономист Қайырбек Арыстанбеков Дүниежүзілік банк сарапшыларының еліміздегі кедейлер саны 800 мыңға дейін көбейеді деген болжамымен келісетінін айтады. Кедейлердің саны тіпті одан да жоғары болуы мүмкін. Себебі соңғы 10 жылда Қазақстандағы экономикалық саясаттың сапасы төмендегендіктен, кедейлік шегінде тұрған халықтың әлеуметтік топтары өте көп. «Менің ойымша, індеттің экономикаға бестүрлі ықпалы болды. Олар: вирустың таралуы, барлық елдердегі үрейдің пайда болуы, қаржы нарықтарының жабылуы, өзін-өзі оқшаулау, басқа өмір сүру дағдысына көшу. COVID-19-дың жоғарыдағыдай сатылы ықпалдары біздің әлеуметтік-экономикалық дамуымызды тежеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша ДЖӨ-нің көлемі 3-5 пайызға құлдырауы ықтимал. Демек, ДЖӨ құлдыраса халықтың әл-ауқаты нашарлап, жұмыссыздық көбейіп, кедейлік жайлайды деген сөз» деді Қайырбек Арыстанбеков нақты тұжырым жасап.



Сарапшы Ұлттық банктің теңге бағамын тұрақты ұстай алмауы да кедейліктің өршуіне септігін тигізеді деген пікірін ортаға салды. Мәселен, соңғы 7 жылдағы Қазақстандағы 3 мәрте болған девальвация халықтың сатып алу қабілетін төмендетті. Импорт қымбаттап, халықтың жалақысы мен әлеуметтік көмектерінің доллармен шаққандағы құнының төмендеуі халықтың әл-ауқатын әлсіретіп жіберді. «Меніңше, төтенше жағдайда және карантин кезіндегі мемлекеттің 42 500 теңге көлеміндегі әлеуметтік қолдауы, әрине, жеткіліксіз. Өйткені, бізде әлеуметтік топтардың жіктелуі және сатылары бар. Бұған өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететіндерді, мүгедектерді, көпбалалы отбасыларды жатқызуға болады. Табысынан айрылғандарға 42 500 теңге қомақты қаржы емес, бірақ жоқтан жақсы. Алайда басқа елдермен салыстырсақ, бұл көмектің аясы, көлемі өте аз. Сол себептен мемлекет қосымша әлеуметтік пакетті енгізу мәселесін пысықтауы қажет. Мысалы, бір отбасына беріледі деген индикатор бар. Ал оны адам басына деп неге есептейміз? Көпбалалы отбасында 4 бала болса, соған сәйкес әлеуметтік көмек те ұлғайтылуы керек» дейді Қайырбек Арыстанбеков.



Толон  
ТІЛЕУБАЙ

**KIMGE SENEMIZ:  
РАХАРАДЖАҒА МА,  
ӘЛДЕ, ҮКІМЕТКЕ МЕ?**

Індеттің еңбек нарығына тигізген зияны мен оның салдарын жұмсартуға қатысты іс-шаралар әсіресе, кәсіби біліктілігі төмен (қара жұмыс істейтіндер) салаларға жағымсыз жағынан әсер етті. Сондай-ақ карантин кезіндегі сапалы білімге деген қолжетімсіздік адам капиталын дамытуға кері әсерін тигізді.

Дүниежүзілік банктің аға экономисі Самсу Рахараджа баяндаманы таныстыру кезінде: «Бұған дейін кедейлік шегінде тұрған адамдардың бәрі тұрмысы төмен халықтың қатарына қосылады. COVID-19 індеті мен жұмысынан айрылуы салдарынан олар қайта кедейлікке ұшырайды. Бұл – өте өзекті мәселе» деп мәлімдеді. Ол мұнайға деген сұраныстың төмендеуі мен індеттің созылуы еліміздің экономикасына үлкен қауіп екенін айта келе, Үкімет қолда бар ресурстарын кедейлерге қосымша көмекке, өндірістік активтерді қорғауға бағыттауды қайта қарастырып жөн екенін мәлім етті.

Шілденің басында Ұлттық экономика министрінің орынбасары Мәди Тәкиев жыл қорытындысы бойынша ДЖӨ өседі (бірақ ол әлі 0,9 пайыз деңгейінен өзгерген жоқ) деп мәлімдеген еді. Алайда Самсу

Рахараджа еліміздегі ДЖӨ-нің өсуіне ешқандай себептердің жоқтығын айтады.

«Әлемдік рецессияның Қазақстан экспортына толық әсерін байқаған жоқпыз. Меніңше, ол 1-2 айдан кейін сезіледі. Егер адамдар кісі көп шоғырланатын жерге бару, жұмысқа шығу қауіпсіз емес деп ойласа, өз тіршілігін шектейді. Бұл өз кезегінде экономикалық өсімге әсер етеді» деп түсіндірді шетелдік сарапшы.

## АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫМБАТТАП, КЕДЕЙЛЕР КӨБЕЙЕДІ

Дүниежүзілік банктің ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша жетекші экономисі Сергей Зоря індеттің салдарынан Орталық Азиядағы 2,5 млн-ға жуық адам кедейліктің құрсауында өмір сүреді деген болжамын жария етті. Оның айтуынша, Орталық Азия елдерінің тұрғындары күнкөрісінің 40-тан 60 пайызына дейін шығынын азық-түлікке жұмсайды, сол себептен бағалардың өсуі әлеуметтік ахуалға ерекше ықпал етеді.

«Орталық Азияда ауыл шаруашылығы экономиканың негізгі бөлігін құрайды. Бұл Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) кіретін елдермен салыстырғанда, экономиканың әлсіздігін көрсетеді. Мысалы, ЭЫДҰ-да ауыл шаруашылығы ДЖӨ-нің 4 пайызын және жұмыспен қамтудың 6 пайызын құрайды. Ал Орталық Азия өңірінде ауыл шаруашылығы мен

азық-түлік қауіпсіздігінің рөлі айтарлықтай жоғары. Сондықтан, бұл сектордағы дағдарысты фермерлер ғана емес, барлық адамдар анық сезінеді» деп түсіндірді ойын Сергей Зоря.

Шетелдік сарапшы Қазақстанның көршілес елдерге бидай мен ұн сатуға экспорттық квота енгізуі жағымсыз ықпал еткенін айтады. Себебі Орталық Азиядағы барлық мемлекеттер Қазақстаннан импортталатын осы өнімге тәуелді. С. Зоря кеселдің кесірінен азық-түлік бағасы күрт өсіп, кедейлердің табысы азайғандықтан, азық-түлікке қолжетімділігі төмендейді деп сөзін түйіндеді.

## МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК 100 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН КЕМ БОЛМАУЫ ТИІС

Дүниежүзілік банктің мамандарының болжамына қатысты сауалды отандық сарапшыларға да қойып, ой-пікірлерін білдік. Саясаттанушы Ерлан Саиров әлеуметтік ахуалдың күрделі екенін, еліміздегі кедейлер санының артуы ықтималдығын жоққа шығармайды. Ол пандемияның кесірінен еліміздегі орта таптың кедейге, ал кедейлердің сіңірі шыққан кедейге айналуы мүмкін деген нақты пайымын жеткізді.



## ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨЛЕМІ

АҚШ	511 000 ТЕҢГЕ
Италия	276 000 ТЕҢГЕ
Ресей	70 000 ТЕҢГЕ
Қазақстан	42 500 ТЕҢГЕ

«Кедейлік – Қазақстан үшін өте өзекті мәселе. Өйткені мұнайдың бағасы қымбат болып, әлеуметтік проблемалар көбеймей тұрған кезде ауылдағы кедейлердің саны көп болған. Індеттің кесірінен орташа таптағылар кедейге, ал кедейлер сіңірі шыққан кедейге айналуы мүмкін. Жағдай өте күрделі» деді ол. Сарапшы бұған екі фактордың әсері болғанына тоқталды. Біріншіден, мұнайдың бағасы тым арзандап кетті. Екіншіден, қазір көптеген шағын және орта бизнес субъектілері тоқтады. Республикалық бюджет қысқаруда. Квазимемлекеттік секторда жұмыс істейтін адамдардың біразына жұмыссыз қалу қаупі төнді. Үкімет осы мәселеге алдымен бас қатыруы қажет.

«Бүгінгі таңдағы ең негізгі мәселе – халыққа тікелей материалдық көмек беру. Мәселен, АҚШ, Еуропаның көп елдері тұрғындарға материалдық жәрдемақша беру мәселесін оң шешуге кіріскенін көріп отырмыз.

Бізге де осы мәселемен айналысу керек. Менің ойымша, 42500 теңге аз. Тікелей материалдық көмектің көлемі 100 000 теңгеден кем болмауы тиіс. Азық-түлік жиынтығының көлемі 42 500 теңге болғаны дұрыс. Себебі азық-түлік жиынтығы әр адамның күн сайын қанша калория қажет ететінін есептеуден құралады» деп түсіндірді өзінің ұстанымын Е.Саиров.

Сондай-ақ ол кедейлер санын ұлғайтпау үшін Үкімет сапалы, тұрақты жұмыс орындарын құруға білек сыбанып кірісетін кез жеткенін қадап айтты. «Егер адамдар жұмыссыз қалса, үйіндегі тоназытқыш бос қалады. Ол босаса, кәстрөлдерге сала тын азық қалмайды. Қарны ашқан жұрт билікке наразылық білдіріп, көшеге шығып кететін болса, ахуал қиындайды. Міне, Үкімет қазір осы мәселені тездетіп шешіп, нақты іс-қимылдарды жүзеге асыруы тиіс. Кедейлікті болдырмау – өте күрделі мәселе. Себебі мұны шешу немесе шешпеу әлеу-





Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Қадірлі қауым! Баршаңызды күллі исі мұсылман баласы асыға күтетін ұлық мейрам – Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын! Айттарыңыз қабыл болсын! Сіздерге Алладан амандық, мықты саулық, мол ырыс пен бақ-береке тілеймін!

Құрбан айт – асыл дініміз исламдағы екі ұлық мерекенің бірі. Айтулы күнде мұсылман қауымы Құдай жолында құрбан шалып, қанағат пен қайырымдылықтың, мейірімділік пен ізгіліктің риясыз үлгісін көрсетіп, көмекке мұқтаж жандардың бата-тілегін алып, алғысына бөленеді.

Бағзы заманнан бері ислам дінін рухани тірегіне айналдырған халқымыз Құрбан айтты айрықша

дайындықпен қарсы алады. Ұлық мейрамда ерекше ыждаһат һәм ықыласпен орындалатын құлшылықтар мен ізгі іс-шаралар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, игі дәстүрге айналды.

«Құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымды білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы осында жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұлаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят) делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Материалдық мүмкіндігі

## АСЫҒА КҮТЕТІН ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

» Құрбанға малдың үш түрін: түйе, сиыр, қой не болмаса ешкі шалуға болады. Құс союға болмайды, ал жылқы малы Имам Ағзам жолы бойынша соғыс көлігі саналып, құрбандыққа жатпайды. Құрбандыққа қой мен ешкінің бір жасқа толғаны (6 айдан асқаны), түйенің бес, сиыр мен өгіздің екі жастағысы сойылады. Бұлардың дене мүшелері түгел әрі сау болуы шарт. Құрбандық етінің үштен бірі отбасына қалдырылады, қалғаны тұрмысы нашар ағайын-туысқа, кембағалдарға таратылады.

бар, әрі жолаушы емес мұсылманға құрбандық шалу – уәжіп, мұсылмандық міндет. Ал шамасы келмеген адамға Алла Тағала мұндай міндет жүктемеген. Айт күндері аз да болса садақ беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға көңіл бөлу – сауапты іс.

Құрметті отандастар! Өкінішке қарай, әлемдегі және елдегі жағдайға байланысты Құрбан айтты өз дәрежесінде атап өтіп, жамағатпен құлшылық жасай алмаймыз. Алланың аманаты болған өміріміз бен денсаулығымызды сақтау – мұсылмандық міндетіміз. Алайда сауап іздеген адам үшін жақсылықтың есіктері қашан да ашық. Біз осы ретте құрбан шалу шараларын қашықтықтан жүзеге асыруды қолға алдық.

Құрбан айттың тарихына терең бойласақ, Алла Тағала Ибраһим пайғамбарға (оған Алланың сәлемі болсын) сынақ жібергеннен кейін оны сүйішні хабармен қуантқан. Бұл туралы Құранда баяндалған: «... Бұл нағыз ашық сынақ еді. Біз оның орнына үлкен құрбандық (Ұжымақ қошқарын) ауыстырдық.

Біз оған соңғылар ішінде «Ибраһимге сәлем!» деген алғыс қалдырдық. Біз жақсыларды осылай сыйлаймыз. Өйткені ол иманды пенделерімізден еді» («Саффат» сүресі, 106-111-аяттар). Аса Мейірімді, ерекше Кеңшілік Иесі Раббымыз осы сынақты тезірек жақсылыққа алмастырғай. Шалған құрбандық, берген садақ, жасаған әрбір игі амалдың сауабы еселеніп жазылғай.

Алла Тағала жер бетін жұқпалы дерттен тазартып, жақсылығы мен берекетін жаудырғай. Қауіпті індеттен қайтыс болғандарды мейіріміне бөлеп, науқас жандарға шипасын бергей. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай.

Мешіттеріміз ашылып, жамағатпен құлшылық жасайтын күнді жақын етіп, қалыпты өмір тіршілігіне қайта оралуды жазғай! Әмин!

**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти**



## МАЛДЫҢ БАҒАСЫ ҚАНША БОЛАДЫ?

» Биылғы баға бойынша болғанда 35-40 мың теңгенің қойлары шариғат талабына сай келмейді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мешітінің бас имамы Ерболат Жүсіпов «Құрбан шалу рәсімін ұйымдастыру шаралары» тақырыбында өткен онлайн брифингте айтты.

Құрбандыққа шалынатын малға қойылатын талаптарды да атап өткен бас имам кейбір малдардың құрбандыққа жарамсыз болып қалатын жақтарын да түсіндірді. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қойдың бағасы 50 мың, ірі қараны 350 мың деп бердік. Бұл жерде қойдың жасына назар аудару керек. 6 айға жетпеген, арықтау тоқтылардың өзін 35-40 мыңға алударыңыз мүмкін. Бірақ қой мен ешкі 1 жасар болуы керек. Бір жасқа толмаған қойлар құрбандықтың орнына жүрмей қалуы мүмкін. Ал 1 жасар қойдың бағасы үшін 50 мың өте жақсы баға» деді бас имам.

Сонымен қатар Ерболат Жүсіпов елордада құрбандыққа шалынатын орындарды және онлайн тапсырыс берілген құрбандықтар қалай

шалынатынын да түсіндірді. «Қой мен ешкі сойылатын арнайы орын, ірі қараға арнайы орын белгіленді. Олардың барлығында санитарлық талаптар қатаң сақталады. Құрбандық шалу үшін 40 қасапшы таңдап алынды. Олардың арнайы сертификаттары да бар. Құрбан шалушы адамның тілегін қанағаттандыру мақсатында кері есеп жібере аламыз. Бұл жерде ешқандай күмән болмауы керек. Еттің таратылуы еріктілер арқылы жүзеге асырылады. Құрбандық шарасын атқаруға сақдай саймыз» деді ол.

Ал ауылды жерлерде 6 айдан асқан тоқтылардың, ісек қойлардың бағасы – 40-45 мың, семіз қойлардың бағасы 50-60 мың аралығында болса, ерек қойлардың бағасы 70 мыңнан 90 мыңға дейін жетіп тұр.

## ЕТКЕ МҰҚТАЖ ЖАНДАР ӨТІНІШ БЕРУДЕ

» Онлайн құрбандық шалуға арналған «qurban2020.kz» сайтында мұқтаж жандар құрбандық етіне тапсырыс бере алады. Сайт арқылы өтініш берсеңіз болғаны еріктілер үйіңізге жеткізіп береді. Нұр-Сұлтан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мешітінің бас имамы Ерболат Жүсіповтің мәліметінше 28 шілдеге дейін етке мұқтаж 2,5 мың адам онлайн өтініш жасап үлгерген. Бұл туралы бас имам «Құрбан шалу рәсімін ұйымдастыру шаралары» тақырыбында өткен онлайн баспасөз мәслихатында айтты.

– Бүгінгі күні сайтқа 2,5 мың адам «ет жағынан көмек берсеңіздер» деген мұқтаждығын білдірді. Қазір 150-ден астам қой мен 5 ірі қараға тапсырыс келді. Бұл жерде сенімсіздік болмауы керек, – деді ол.

Құрбан (араб.: «жақындау») сөзінің шариғаттағы терминдік мағынасы – Алла Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен Құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты. Құрбандыққа мал шалу дәстүрі ислам тарихында өз ұлы Исмаилды Алла ризалығы үшін құрбан етпек болған Ибраһим пайғамбарға байланысты шыққан. «Қазақ елі Әбу Ханифа мектебінің талаптарын ұстанады. Ол – мектептің құрбандыққа қатысты үкімі уәжіп, міндет. Әбу Ханифа мектебі бойынша құрбандық шалу керек. Яғни мұсылман, ақыл-есі дұрыс адам шариғатта ынсап мөлшері (85 грамм алтыны бар адам) құрбандық шалуы керек» деді Ерболат Жүсіпов.



## ҚҰРБАНДЫ КҮНІ БҰРЫН ШАЛУҒА БОЛМАЙДЫ

» Кейбір азаматтар «айт күні мал сойып үлгере алмаймыз» деп құрбанға шалатын малын күні бұрын сойып тастайды. Бұл дұрыс емес. Себебі уақытынан бұрын шалған құрбандық өз отбасы үшін сойылған мал іспетті. Ол құрбандық болып есептелмейді. Ал уақытынан кейін шалса, оның етін садаққа ету уәжіп болады, одан өзі жемейді. Демек, құрбан шалудың өз уақыты бар.

Құрбандық шалу уақыты айт намазы оқылатын жерлерде айт намазынан кейін, ал айт намазы оқылмайтын ауылдарда таң атқаннан соң басталып, айттың үшінші күні күн батқанға дейін жалғасады. Бұл жөнінде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Әлбетте, осы күнде біздің ең алдымен бастайтын ісіміз – ол намаз оқу. Кейін қайтып, құрбандық

шаламыз. Кім солай істесе, ол біздің сүннетімізді орындапты. Кім одан алдын малды бауыздаса, ол өз отбасын жай етпен қамтамасыз етіпті. Ғибадат болып есептелмейді» деді.

Құрбандықты күндіз де, түнде де шалуға болады. Дегенмен түнде құрбан шалу мақруһ делінген. Сондай-ақ құрбандықты айттың бірінші күні шалған абзал.



# ӘРКІМ ӨЗ СҮРЛЕУІНЕ АДАСПАЙ ТҮССЕ ...

» Мына індет адамның тынысын тарылтып, халыққа ауыр тиіп жатқанда әркім әр нәрседен ем іздеп, жанталасып жатқан жайы бар. Құйрық майынан басталған түрлі емге дәру заттарды тауысып, өкпенің қызметін жақсартатын жаттығуларға ден қоя бастады. Көпшілікті елең еткізген жайт белгілі теологтар Досай Кенжетай мен Зікірия Жандарбектің әлеуметтік желі арқылы зікір салу әдісін үйреткені еді. Тыныс алу жолдарының түрлі жаттығулардың ішінен зікір салудың тиімділігіне де ден қойғандарды көптеп көргенімізде ойланып қалдық. Ендігі жерде зікірге бас ұрғанымыздың рет-жолы қалай болар екен деп айналамызға қараған едік. Осы ретте филология ғылымдарының кандидаты Болат ҚОРҒАНБЕКОВПЕН сұхбаттасудың сәті түсті. Болат Сағынбекұлы кезінде осы зікіршілер ісіне араласып, оны барлық жағынан зерттеп, өз тұжырымын сот залында негіздеген ғалым еді.



Айгүл УАЙСОВА

– Сөз болғалы отырған істі қолға алу үшін зікір салу ілімін жетік білу аз. Сонымен қатар, Ясауи жолында белгіленген төрт түрлі шарт та қатаң сақталуы керек. Ол төрт шарт «макан», «заман», «ихуан», «рабт-и сұлтан» деп аталады. Тарқата кетейік, макан: рухани ілімнің тамыр алып, етек жаюы үшін «елім» деп сенім артатын өзіндік шекарасы бар, құрылымдық жүйесі бар мемлекетің болуы керек. Бізден саны көп, бірақ мемлекеті жоқ қанша жұрт бар. Халықтың саны жағынан олардан аз болса да, бізден шыққан Абай, Шәкәрім сияқты рухани тұлғаларымыздың олардан әлдеқайда көп болуы, міне, осы шарттың маңыздылығын айғағы. Заман – дәуірдің тыныштығы. Оның қасиетін халқымыз: «Ораза-намаз тоқтықта» деп бір-ақ ауыз сөзбен жеткізген. Ихуан: бір мақсат, бір ниеттегі бауырластық болуы қажет. Рабт-и сұлтан: елдің басшысы құрметтелуі тиіс. Ол Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисіне сай, «Құдайдың жердегі көлеңкесі» деңгейінде қабылдануы керек. Осы төрт шарт сақталған кезде ғана бұл ілім жайыла алады. Зікір де осы шарттарға тәуелді. Демек, әлеуметтік желілерден «арра зікір» салып, халыққа осы діни дәстүрдің тек техникалық жағын насихаттау Ясауи жолына ең аз деңде қиянат деп айтар едім.

Бізде Ясауи үлгісіндегі зікірді жүргізуге қажетті айтылған төрт шарттың алдыңғы екеуі ғана бар дегуге болады. Оның да қыл үстінде тұрғаны белгілі. Ал бір мақсат, бір ниеттегі бауырластық, яғни ихуан жоқ. Қазіргі қазақ қоғамы әртүрлі діни, саяси, мәдени, т.б. қауымдастықтардың ықпалымен әбден жіктеліп кетті.

– **Өзіңіз ойлаңызшы, зікір алқасындағы адамдардың бірі пневмониядан арылсам, енді бірі температурам түссе деп отырса, ниет-пиғылдың қандай бірлігі туралы әңгіме болмақ?**

– Өзің жеке құлшылық ретінде атқара бер, бірақ көпке насихаттау дәл қазіргі кезде дұрыс емес!

Бұл дәл осы індеттің шипасы деп кім айтты? Рас, көмегі бар, жазылып кеткендер

де жоқ емес. Бірақ бұл бер жағы, мұның қазынасы теренде жатыр.

Жайшылық уақыт болса көпшілік оған назар аудармас еді, қажет болса, бұған қарсылық та туар еді. Өйткені бұған дейінгі кезеңде осы зікір мәселесі төңірегінде ол әңгіме бола қалған жерлерде көпшіліктің қиғаш көзқарасы, кем дегенде немқұрайлылығы атойлап көріне кететін. Бұл, бір жағы «елім» болса, бір жағы, кезіндегі қасақана бұрмаланған кері насихаттың кесірінен көптің зікірден шошып қалғандығымен де байланысатын. Оны кезінде сан-саққа жүгіртгіп, бақсылардың ойынымен, өзге діндердегі әртүрлі экстазбен ұштастырып, исламға жат діни ғұрыптармен, тіпті ең сорақысы, адам жадылаумен, зомби жасаумен байланыстырып, үрке қараудың көріністері көбірек байқалатын. Ал мына күнде халықтығырыққа тірелгеннен кейін, оң қабақ танытқан сыңайлы. Шипа іздеген жұрт қазір у іш десе де қаймықпайтындай дейтініміз де содан болар. Рас, зікірдің адам ағзасына соның ішінде тыныс алу жүйесінің, мұрын қуысынан бастап, ауыз қуысы, аңқа, жұтқыншақ, көмей, кеңірдек және ауа тамырлары, жүрекке пайдасы шексіз. Ғылыми зерттеу кезінде өз көзімізмен көріп, таң қалған жағдайларым да болды.

– **Онда зікір салып, аурудан арылуға кім кедергі?**

– Шындап келгенде, зікір ету – заманнан Зәкәрия пайғамбарымыздан бері келе жатқан діни ғұрып. Ясауи жолында бұл – сопылықтың бір сипаты. Зікір – сопылық жолдағы адамның өз бойындағы екі дұшпанды өлтіретін рухани қару. Ол туралы Мәшһүр Жүсіп: «Табылды өз бойымнан екі дұшпан, бірі іштен болғанда, бірі – тыстан» десе,

Шәкәрім атамыз: Кейінгіге сәлем айт біз байғұстан,

Бұл сарайда көп екен бізге дұшпан.

Қызықтырып, қыздырып алдайды екен,

Біреуі іштен болады, бірі тыстан» дейді.

Ол – дұшпан нәпсі мен шайтан малғұн. Осы мәселені діни тұрғыдан қарап көрейік. Онсыз зікірдің қайткенде пайдалы немесе қайткенде зиян болатынын ұғындыру мүмкін емес. Біз оны көрмейтін ол бізді көріп тұратын, біз оны ұмытып ке-



тетін ол бізді бір сәтке ұмытпайтын, сондай дұшпан өзін өлтіретін қаруды қолына ұстаған адамнан шошиды емес пе? Шошып қана қоймайды, жан-дәрмен оған бар айласын, күш-қайратын салып, қалай да мерт етудің амалын жасайды. Әрине, бұл жердегі «мерт ету» рухани тұрғыда. Тәні сау, рухы өлген адам аз ба қоғамда? «Бір құмалақ бір қарын майды шірітпеді», қоғамның азуының ең басты себебі – осы. Алайда ол – бітпес әңгіме, басқа тақырып. Рухы өлген адамның руханият жолына келуі былай тұрсын, бұрылуы да мүмкінсіз іске айналады.

Рухани кемелдену – осы екі дұшпанды жеңе алған, соның барлық әдіс-тәсілдерін білетін кәміл жетекшінің басшылығымен ғана, зікірден өзге де құлшылық түрлерімен кешенді атқарылғанда ғана қолға келетін дүние. Бізде бұл ілім тұтастығымен сақталған, арра зікірді тек ем үшін қолдану, қолымыздағы бар рухани кемелденудің тұтас ілімін тәрк еткенмен бірдей. Рухани кемелділік, иманның күшеюі бойдағы дұшпанды өлтірумен, бағындырумен ғана шектелмейді, демек, арра зікірі де Жаратушының ризашылығын табу мақсатында атқарылатын басқа да құлшылықтармен қатар жүргізілгенде ғана дұрыс нәтиже береді.

Адам баласы осындай тәжірибені бастамас бұрын, қызылтаяндағы пәнилік қажеттілігі үшін ғана емес, өзінің осы жолға дайын-

дығын қамдап, шешімін, қалыпты өміріндегі ой-пиғылын түзеп алуы керек. Әрбір құлшылық оның ілімін білген адамға ғана парыз болып есептеледі. Парыз етілген ғибадаттардың негізі ілімінде жатыр. Сол үшін бұл зікірдің әрбір қимылын тәптіштеп түсіндіріп, соны дұрыс қолданған кезде ғана өзінің рухани міндетін атқарып, бойдағы дұшпанды өлтіру немесе әлсіретудегі басты қасиеті ашылады. Дайын емес қауымға зікірді жария етудің басты қателігінің бірі осында жатыр. Осы істі мойнына алғандай болып, онлайн-зікірге ұйтқы болған кейбір кісілер сіздерді дінге шақырып отырған жоқпын дегендей әңгіме айтады. Басты міндетінен айырылған, атқарушыға түсініксіз зікірдің тәндік, материалдық пайдасын бергенімен, рухани зияны болары сөзсіз. Жария зікірді жүргізіп отыратын жетекші әрбір зікірдің ишарасын, ұстап отыратын ой нәтижесін айтып түсіндіріп отыру керек. Және арра зікірі хикметтердің сүйемелдеуімен айтылады. Ясауидің және оның Сүлеймен Бақырғани сияқты шәкірттерінің, сондай-ақ ол кісілердің ізін қуушылардың хикметтері және осы ғұрып үшін арнайы қолданылатын «тахлил» деп аталатын илаһи өлеңдері айтылады. Бұл алқада отырғандардың ишара-қимылдарының бірізділікте болуын қамтамасыз етіп, беталды жамырап, әркім өз

алдына дербес қимыл-ишара жетегінде кетіп, алқаның ретсіз хаосқа айналуына жол бермейді. Сондай-ақ ол алқадағылардың зауқын, шауқын, ышығын да арттырады. Міне, осы шарттар сақталмаған соң зікір де бара-бара мәңсіз дүниеге айналады.

Реті келген соң айта кетейін, рухани ілімнің дамуы үшін қажет төрт шарт зікірдің қоғамға шынайы қажеттігін қалай айқындаса, зікір ғибадаты да өз кезегінде осы төрт шарттың тұғырын бекітіп, берік етеді. Ал бұл – қоғамның рухани гүлденуінің кепілі! Оны тарих әлдеқашан дәлелдеген.

– **Сонымен зікір салу дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Не үшін қолданған?**

– Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде зікірді пайғамбарымыздың үлгісі деп көрсеткен, өзі де пайғамбарымызға ғашықтықтың мектебін салған, оның мысалы хикметтерінде де, жеке өмір жолында да тұр. 63 жасында қылуатке түсіп кетуі де пайғамбарымызға шексіз ғашықтықтың көрінісі. Зікір етуді бұйыратын аяттар Құран Кәрімде көптеп кездеседі. Мәселен, «Рағыд» сүресінің 27-аятында: «Мұқият болып, Ұлық Алланың зікірі ғана жүректерге тыныштық әкелетінін біліңдер! Яғни зікірді көп айту арқылы ғана күнә қылудан, Ұлық Жаратушының тыйым салған істерінен сақтанып, уәсуәсалардың толассыз келуінен, нәпсінің неше түрлі қалауларынан тыйыла аласыңдар!» деп бұйрық береді. (Рағыд сүресі, 27-аят).

Осыған дәлел ретінде Хз. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мына бір хадисін келтірейік: «Әрбір заттың көзін ашып, тазартатын құралы болады. Сол сияқты жүректің де көзін ашып, нұрландыратын құралы бар. Ол – Ұлы Алланың зікірі» дейді. Бойдағы дұшпанды өлтірумен қатар, зікірдің атқаратын ең басты міндеті – осы жүректі тазарту. Ал жүректің тазаруы – бар жақсылықтың басы.

Іштегі кірді қашырсаң, Хақтың түсер сәулесі.

Жүректің көзі ашылса,

Адамның хикмет кеудесі, – деген хакім Абайдан бұның пайдасын артық айта алмаймыз.

Әңгімеміздің басты өзегі болған зікірдің емдік қасиеті де дәл осы жүрек тазалығына тәуелді. Бұл хақында Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Денде жұдырықтай бір кесек ет бар. Егер ол таза болса, бүкіл дене таза болып, өте көркем болады. Егер ол бұзылып, хақтан тайып, жаман жолға кетсе, бүкіл дене бұзылады. Біліңдер және мұқият болыңдар, оның аты «жүрек» және «жүрек!» деген хадисі бар. Мұны білмейтін, хабарсыз үндістер мен кер-жақтарға арра зікірінің қимылы пайда беруі – заңды. «Білмегенді Құдай кешеді» деп ашады мұндайдың себебін дана халқымыз. Ал үлгісі айқын, сара жолы қалыптасқан біздің халық үшін зікірді қалаған мақ-

сатқа пайдалануға ондай кешірім бола ма? Біз арра зікірден ем іздесек, тек қана Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) көрсеткендей, ол жақсылық тек жүректен басталуы тиіс. Ал оны жүректің дәрігері бола алатындар ғана жүргізе алады. Яғни бойдағы екі дұшпанды жеңе алған кемел тұлғаның ғана зікір жүргізуге хақы бар.

Жүректің кірін кетірудің тәжірибесі қазақ даласында өткен ғасырдың 70-80 жылдарына дейін желісі үзілмей келді. Олардың барлығы бір ғана үлгіде салынды. Барлығы алқа құрып, тізерлеп отырады, арра зікірі «ду зарба» деп аталатын ишарамен, яғни дене қимылымен орындалады. Бұл бойынша, басты көтеріп, оң қабақтың тұсынан жүректің тұсына қарай ұрудың ишарасы жасалады. Себебі нәпсінің хауасы осы екі жерде орналасқан. «Илла Алла», «Алла Ху» және жүрегімді тірілте гөр деген тілек тұсында «Алла Хай» деген формулада айтылып отырады. «Илла» деген кезде басты шалқайтып, оң қабақтың ұшына ишара жасалса, «Алла» дегенде жүрекке ұрылады. «Алла Ху», «Алла Хай» да дәл солай атқарылады. Бірақ бұл сөздер іштен айтылады да, шығаратын дауысты тамақты кенеп, ағаш аралағандай дауыс шығарылады. Ясауи жолында зікірдің алқа және арра және құпия хафи (құпия) деген түрлерін қолданған. Алқа мен арра жария зікір саналады да, хафи зікір адамның рухани дәрежесіне байланысты түрлі сипат алып кете береді. Қожа Ахмет Ясауидің ізбасарларының түсіндіруінше, құпия зікір жүрек көзі ашылғандардың ғана қолынан келеді. Жүрек көзі ашылғандар жай пенде көре алмайтын әр нәрсенің жанын, рухын көретін кезде, Құдайдың шеберлігіне деген таңданысы, ғибраттануы мүлде жаңа сапаға ие болады. Бұл халде Құдайдың жаратқандарынан оның шеберлігін тану, яғни фікір мен зікір ажырамастай болып бірігіп кетеді.

Жан-жақтан дерт қысқанда жұртшылықтың осы жолда жүрген рухани басшылардан, нағыз зікір үйрететін адамдардан емес, оған халі келмейтін жандардан жәрдем сұрауына қарағанда, зікір салуға қажетті ең басты шарттың, яғни ниеттің түзелуінің белгісі бірден байқалды. Оны ихуан мәселесіне да қатысты айттым ғой.

– **Айналып келіп, осы жолдан шипа іздеуіміздің себебі неде?**

– Соңғы жылдары халықтың басынан аз нәрсе өткен жоқ. Бүгінде осыған дейінгі тоқмейіл, өмірдің қызығы осы болар деген нәрселерімізге басқаша көзбен қарауға мәжбүрміз.

Қай жерден адасып қатерлі соқпаққа түстік, өз жолымыз қайсы еді деген сұрақ сізді толғандырса, ата-бабаларыңыз салған өз жолыңыз барын ескерткім келеді. Және ол жолдың құран мен хадистерден, әулиелердің сырлы сөздерінен бөлек еместігіне күмәніңіз болмасын!



# ЖИДЕК ТЕРЕМІН ДЕСЕҢІЗ...

» Елорда іргесіндегі орманды алқаптарда қарақат пісіпті. Мамандар шілде айының жиырмасынан бері қарақат теретіндердің көбейгенін, орманда таңның атысынан күннің батысына дейін толып жүргенін жеткізді. Қалаға кірер және шығар жолдардың бойында шелек-шелек қарақат сатып отырған саудагерлерді көруге болады. Жалпы биыл қарақат саудасы қалай? Карантинде отырған, табыссыз қалған халық қарақат теруге көшті ме? Қарақаттың құны қанша? Нендей пайдасы бар? «Жасыл белдеуге» жол тартып, аталмыш сұрақтардың жауабын біліп қайттық.

## ЖЕСЕҢ – ДӘРУМЕН, САТСАҢ – ТАБЫС

Ардақ Нұржанова – Ильинка ауылының тұрғыны. Жаз келіп алқапта жидек қызарысымен шелегін асынып жорыққа шығады. Қыркүйекке дейін қарақат, алмұрт теріп саудалайды. Табысы да жаман емес. Екі аптаның ішінде 30 мың теңге нәпақа тауыпты.

«Қай орманға барсаң да, қарақат көп. Нәпақамды қарақаттан көріп отырғаныма биыл үшінші жыл. Теріп, жолдағы жүргіншілерге сатамыз. Іздеп келіп алушылар да бар, адамдардың барлығының бірдей қолдары тимейді ғой, сосын бізден сатып алады. 500 теңге төлесе үйіне дейін жеткізіп береміз» деді ол.

Ал қарақат саудасын отбасылық бизнеске айналдырған Эргина Қоныстың айтуынша, карантинде жұмыссыз қалып, күн көру үшін қарақатты тапсырысқа теретіндер көбейіпті.

«Қарақат терумен айналысып жатқанымызға биыл бес жыл болды. Отбасымыз-

бен айналысамыз. Бұл – маусымдық жұмыс, жазда басталатын қосымша табыс көзі. Дегенмен екі айда талмай жұмыс істеп, пайдаға кенелуге әбден болады. Қарақат теру де оңай емес, оны жинап алған соң тазалауды қажет етеді. Біз үйренгеніміз ғой, ал қаланың адамдары тапсырысқа тердіреді. Ақшасын берсе, карантинде жұмыссыз қалып, үйінде отырғандар қуана-қуана келіседі. Ол да тиімді, тергеніңе қарай ақшанды аласың, қалай сатамын деген мәселе туындамайды. Өзіміз 10 литр шелектегі қарақатты 4 мың теңгеге сатып жатырмын. 5 литр шелектегісі – 2 мың теңге. Қазір «OLX» арқылы саудалайтындар да көбейіп кетті. Сондықтан бағасы қымбат емес, қолжетімді» дейді ол.

Жол бойындағы саудагерлердің қойған бағасы бәрінде бір шамада. Ал «OLX» онлайн-сауда алаңында бірі 10 литр шелек қарақатты 6000 теңге десе, енді бірі 5000 теңгеге бағалайды. 4 мың теңгеге де табылады. Бірақ бәрі үйге жеткізіп бергені үшін



қосымша ақы сұрайды. Жол бойында сатушыларға қарағанда баға жоғары, ал қала ішіндегі бау-бақша өнімдерін сататын шағын базарларда 6 мың теңгеден.

Астана орманының бас агрономы Ардақ Хасеновтың айтуынша, қарақат әуежай маңы мен Қарағанды, Астрахан тас жолының бойында (Тілендиев даңғылы) жиі кездеседі. Мәселен, елорда маңындағы 14827 гектар жерде бүгінде 1,8 миллионға жуық сары қарақат, ақ көріктал, бессей шиесі, татар ұшқаты сияқты бұталар бар.

Орман ішін аралап жүргенде, жидек теріп жүргендердің қарасы көп болмады. Ауа райының бұзылуына байланысты шығар деп болжадық. Орманнан шығатын жолға бет алғанда бір отбасыны көзіміз шалды, себеттерін алып жидек теруге келіпті.

«Жыл сайын орманға қарақат теру үшін келеміз. Ең әуелі, тыныштықта қаланың шуынан, күйбең тірліктен бір сәт миың тынығады. Бір сағатта бір шелек қарақат тереміз. Бізге көп керек емес, екі үш шелекті толтырып, таза ауада тынығып, әңгімелесеміз. Жол бойында қарақат сатады, ешқашан сатып алмаймын. Өйткені сатып алғанша өзің терсең өте пайдалы. Отбасылық хобби десем де болады.

Індеттен сақтану үшін үнемі шайға қарақат қосып ішеміз» деді ол.

## ҚАРАҚАТТЫҢ ҚҰРАМЫНДА НЕ БАР?

В, Р, К, Е, А дәрумендерімен қатар, 7-11 пайыз қант, 4 пайыз органикалық қышқыл, 1 пайыз пектиндік зат, фосфор қышқылы, калий, темір, жапырағында марганец, мырыш, магний, күкірт, қорғасын, күміс және аса қажетті С дәрумені бар деседі. Ал ұрығында 16,5 пайызға дейін май болады екен.

Қарақат қайнатылған тұнбамен асқазан-ішек жолдарының ауруларын, асқазан сөлінің кеміп кетуін, Альцгеймер және диабет, атеросклероз, тыныс жолдары ауруларын емдеуге болатынын айтады мамандар. Ғалымдардың мәліметінше, қарақаттың көздің көруін жақсартатын тамаша қасиеті бар. Сол сияқты тұмау тиіп, тыныс жолдарының жұмыс қабілеті төмендеп кеткен жағдайда, бүйрек ауырып, зәр жүрмей қалған кезде қарақаттың шырынын, жапырағын белгілі бір мөлшердегі қайнаған суға бұқтырып ішу керек екен. Қарақаттан жасалған қайнатпаның құнды диеталық және емдік сусын саналады. Ағзаны кальцием қамтамасыз ету үшін 20 дана қарақат жеу жеткілікті.

Астана маңындағы жасыл белдеуде қарақаттың түр-түрі бар. Соның ішінде қызғылт сары түсті қарақатты яғни қасқыр жидегін жеуге болмайды, улы. Оны тек

ағаштарға қорған ретінде отырғызады екен.

Ардақ Хасеновтың айтуынша орманда 2012 жылдан бастап 2020 жылға дейін орман жолақтарының арасына, 2594,9 гектар жерге 3,1 миллионнан аса көшет отырғызылыпты.

## ЖАСЫЛ БЕЛДЕУДЕН ТАҒЫ НЕ ЖИНАУҒА БОЛАДЫ?

Алма ағашын қоян жақсы көреді екен. Сынақ ретінде отырғызған алма ағаштарының жас көшеттерін жеп қоятын көрінеді. Сондықтан орманда алма ағашын іздеп әуре болмаңыз. Есесіне уссурий алмұрты өседі.

«Мен өзім ол алмұрт қайнатпасын ішіп көрдім. Нәтижесінде бойым сергіп, шаршауым басылды. Бірақ долана, кәдімгі шетен немесе уссурий алмұрты сияқты ағаштардың жемістерін күзге қарай жинайды. Орманда қарақаттан бөлек, алмұрт, саңырауқұлақ теретіндер бар. Ол үшін ешқандай арнайы рұқсат керек емес және ақы төлеп қажет емес, бәрі тегін. Халық үшін жасалған» деді Ардақ Хасенов.

Ағаш отырғызу оңай жұмыс емес, ал отырғызылған ағашты өсіру одан да қиын іс. Сондықтан орманға қарақат теруге кірген адамдар барынша тазалық сақтап, өрт қауіпсіздігін қадағалау қажет. Сонымен қатар ағаштардың арасына автомобильмен кіруге және ағаштардың бұтақтарын сындыруға рұқсат етілмейді.

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ





## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) веб-порталында бағаны көтеруге электронды аукцион түрінде жекешелендіру бойынша сауда-саттық 2020 жылғы 18 тамыз өтетінін хабарлайды.

Аукционның өткізілетін мерзімі: 2020 жылғы «18» тамыз сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін.

1. Skoda Super B6, ш.ж. 2012, қара түсті, шанақ № ТМВAV93T9DD300241, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 6 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. № 442 СА01. Бастапқы баға – 3 338 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

2. Chevrolet Niva, ш.ж. 2010, қара түсті, шанақ № Х9L212300A0290506, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, м.н. № 514 ВА01. Бастапқы баға – 1 603 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

3. Kia Cerato, ш.ж. 2010, ақ түсті, шанақ № KNAFT411AA5853558, көлік құралының тіркелу куәлігі бойынша иесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, г.н. № 796AZ01. Бастапқы баға – 3 178 000 теңге. Кепілдік жарна сомасы – бастапқы бағадан 15%;

